ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ СТАНДАРТЫ

Тағам өнімдері

БАЛЫҚТАР, ҰЛУЛАР, ШАЯН ТӘРІЗДЕСТЕР, ҚОС МЕКЕНДІЛЕР, БАУЫРЫМЕН ЖОРҒАЛАУШЫЛАРҒА ЖӘНЕ ОЛАРДАН ҚАЙТА ӨҢДЕГЕН ӨНІМДЕРІНЕ САНИТАРИЯЛЫҚ ПАРАЗИТОЛОГИЯЛЫҚ САРАПТАМА ӘДІСТЕРІ

Продукты пищевые

МЕТОДЫ САНИТАРНО-ПАРАЗИТОЛОГИЧЕСКОЙ ЭКСПЕРТИЗЫ РЫБЫ, МОЛЛЮСКОВ, РАКООБРАЗНЫХ, ЗЕМНОВОДНЫХ, ПРЕСМЫКАЮЩИХСЯ И ПРОДУКТОВ ИХ ПЕРЕРАБОТКИ

ҚР СТ 2779-2015

Ресми басылым

**Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің
Техникалық реттеу және метрология комитеті
(Мемстандарт)**

Астана

gost.e-ecolog.ru

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ СТАНДАРТЫ

ТАҒАМ ӨНІМДЕРІ

Балықтар, ұлулар, шаян тәріздестер, қос мекенділер, бауырымен жорғалаушыларға және олардан қайта өңдеген өнімдеріне санитариялық паразитологиялық сараптама әдістері

ҚР СТ 2779-2015

Ресми басылым

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің
Техникалық реттеу және метрология комитеті
(Мемстандарт)

Астана

Алғысөз

1 «КазВод-Консалтинг» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі **ӘЗІРЛЕП ЕНГІЗДІ**

2 Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитеті Төрағасының 2015 жылғы 30 қарашадағы № 250-од бұйрығымен **БЕКІТІЛІП, ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ**

3 Осы стандарт ӘН 3.2.988-00 "Паразиттік *ауруға қарсы алдын ала қолданылатын шаралар.* Балықтарды, ұлуларды, шаян тәріздестерді, қос мекенділерді, бауырымен жорғалаушыларды және олардан қайта өңделген өнімдерді санитариялық паразитологиялық сараптау әдістері" ескеріле отырып әзірленді

4 Осы стандартта 2004 жылғы 9 қарашадағы № 603-II «Техникалық реттеу туралы» және 1997 жылғы 11 шілдедегі № 151-I «Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы» Қазақстан Республикасы Заңдарының ережелері іске асырылған

5 БІРІНШІ ТЕКСЕРУ МЕРЗІМІ **2022 жыл**
ТЕКСЕРУ КЕЗЕҢДІЛІГІ **5 жыл**

5 АЛҒАШ РЕТ ЕНГІЗІЛДІ

Осы стандартқа енгізілетін өзгерістер туралы ақпарат жыл сайын басып шығарылатын «Стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттар» ақпараттық сілтемесіне, ал өзгерістер мен түзетулердің мәтіні ай сайын басып шығарылатын «Ұлттық стандарттар» ақпараттық сілтемесіне жарияланады. Осы стандарт қайта қаралған (ауыстырылған) немесе жойылған жағдайда, тиісті хабарлама ай сайын басып шығарылатын «Ұлттық стандарттар» ақпараттық сілтемесіне жарияланады

Осы стандарт Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитетінің рұқсатынсыз ресми басылым ретінде Қазақстан Республикасы аумағында толықтай немесе бөлшектеліп басылып шығарыла, көбейтіле және таратыла алмайды

Мазмұны

1	Қолданылу саласы	1
2	Нормативтік сілтемелер	1
3	Терминдер мен анықтамалар	2
4	Гидробионттардың және олардан қайта өңделген өнімдердің сынамаларын іріктеу, сақтау және талдауға дайындау	3
5	Гельминттер дернәсілдеріне дифференциалды диагностикалау әдістері	9
6	Гельминттер дернәсілдерінің өміршеңдігін белгілеу әдістері	12
7	Паразиттерді бекіту және сақтау әдістері	18
8	Балық өнімдерін зерттеу нәтижелерін тіркеу	20
9	Қауіпсіздік талаптары	21
	А қосымшасы *(ақпараттық)* Адам денсаулығы үшін қауіпті Diphyllobothriidae текті плероцеркоидтардың дифференциалдық нышандары	22
	Б қосымшасы *(ақпараттық)* Адам денсаулығы үшін қауіпті Opisthordidae, Heterophyidae, Nanophyetidae және Echinostomatidae текті трематодтар метацеркарийлерінің дифференциалдық нышандары	27
	В қосымшасы *(ақпараттық)* Адам денсаулығы үшін қауіпті Paragonimidae текті трематодтар метацеркарийлерінің дифференциалдық нышандары	35
	Г қосымшасы *(ақпараттық)* Адам денсаулығы үшін қауіпті Dioctophymidae, Gnathostomatidae, Anisakidae текті жұмырқұрттар дернәсілдерінің дифференциалдық нышандары	37
	Библиография	45

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ СТАНДАРТЫ

ТАҒАМ ӨНІМДЕРІ

Балықтар, ұлулар, шаян тәріздестер, қос мекенділер, бауырымен жорғалаушыларға және олардан қайта өңдеген өнімдеріне санитариялық паразитологиялық сараптама әдістері

Енгізілген күні 2017-01-01

1 Қолданылу саласы

Осы стандарт балық және кәсіпшіліктің балық емес нысандарына (моллюскалар, шаян тәрізділер, қос мекенділер, бауырымен жорғалаушылар), сондай-ақ олардан қайта өңделген өнімдерге (бұдан әрі мәтін бойынша – балық өнімі) санитариялық-паразитологиялық сараптама жасау әдістеріне қойылатын талаптарды белгілейді.

Осы стандарт [1] сәйкес қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында гигиеналық бағыттағы институттардың және Қазақстан Республикасының тұтынушылар құқығын қорғау органдарының зертханаларына арналған.

2 Нормативтік сілтемелер

Осы стандартты қолдану үшін мынадай сілтемелік нормативтік құжаттар қажет:

ГОСТ 12.0.004-90 Еңбек қауіпсіздігі стандарттарының жүйесі. Еңбек қауіпсіздігіне оқытуды ұйымдастыру. Жалпы ережелер

ГОСТ 12.4.011-89 Еңбек қауіпсіздігі стандарттарының жүйесі. Жұмыскерлерді қорғау құралдары. Жалпы талаптар және жіктеу.

ГОСТ 12.4.013-85 Еңбек қауіпсіздігі стандарттарының жүйесі. Қорғаныс көзілдіріктер. Жалпы техникалық шарттар.

ГОСТ 12.4.021-75 Еңбек қауіпсіздігі стандарттарының жүйесі. Желдету жүйелері. Жалпы талаптар.

ГОСТ 12.4.028-76 Еңбек қауіпсіздігі стандарттарының жүйесі. «Лепесток» ШБ-1 ауа сүзгіштері. Техникалық шарттар.

ГОСТ 12.4.064-84 Еңбек қауіпсіздігі стандарттарының жүйесі. Оқшаулағыш костюмдер. Жалпы техникалық талаптар және сынау әдістері.

ГОСТ 427-75 Өлшеуіш металл сызғыш. Техникалық шарттар.

ГОСТ 450-77 Техникалық хлорлы кальций. Техникалық шарттар.

ГОСТ 490-2006 Тағамдық сүт қышқылы. Техникалық шарттар.

ГОСТ 1168-86 Мұздатылған балық. Техникалық шарттар.

ГОСТ 1625-89 Техникалық формалин. Техникалық шарттар.

ГОСТ 1770-74 Зертханалық өлшеуіш шыны ыдыс. Цилиндрлер, өлшектер, құтылар, сынауықтар. Жалпы техникалық шарттар.

ГОСТ 3118-77 Реактивтер. Тұз қышқылы. Техникалық шарттар.

ГОСТ 4233-77 Реактивтер. Хлорлы натрий. Техникалық шарттар.

ГОСТ 4328-77 Реактивтер. Натрий гидрототығы. Техникалық шарттар.

ГОСТ 4568-95 Хлорлы калий. Техникалық шарттар.

ГОСТ 5007-87 Қолғаптық тоқыма бұйымдар. Жалпы техникалық шарттар.

ГОСТ 5556-81 Су сіңіргіш медициналық мақта. Техникалық шарттар.

ГОСТ 5962-2013 Тағамдық шикізаттан жасалған ректификатталған этил спирті. Техникалық шарттар.

ГОСТ 6672-75 Микропрепараттарға арналған жабындық шыны. Техникалық

шарттар.

ГОСТ 6709-72 Дистилденген су. Техникалық шарттар.

ГОСТ 6824-96 Дистилденген глицерин. Жалпы техникалық шарттар.

ГОСТ 7631-2008 Балық, балық емес нысандар және олардан жасалған өнім. Органолептикалық және физикалық көрсеткіштерді анықтау әдістері.

ГОСТ 9284-75 Микрооператорларға арналған заттық шынылар. Техникалық шарттар.

ГОСТ 9412-93 Медициналық дәке. Жалпы техникалық шарттар.

ГОСТ 12026-76 Зертханалық сүзгіш қағаз. Техникалық шарттар.

ГОСТ 14919-83 Электроплиталар, электроплиткалар мен тұрмыстық қуыру электрошкафтары. Жалпы техникалық шарттар.

ГОСТ 16317-95 Тұрмыстық электр тоңазытқыш құралдар. Жалпы техникалық шарттар.

ГОСТ 20015-88 Хлороформ. Техникалық шарттар.

ГОСТ 20057-96 Мұздатылған мұхит кәсіпшілігі балығы. Техникалық шарттар.

ГОСТ 20292-74 Зертханалық өлшеуіш шыны құралдар. Шыны құйғылар және тамшуырлар. Техникалық шарттар.

ГОСТ 20414-2011 Мұздатылған кальмар және каракатица. Техникалық шарттар.

ГОСТ 21240-89 Медициналық қандауыр мен пышақтар. Жалпы талаптар және сынау әдістері.

ГОСТ 21241-89 Медициналық қысқыштар. Жалпы талаптар және сынау әдістері.

ГОСТ 24104-2001 Зертханалық таразы. Жалпы техникалық талаптар.

ГОСТ 25336-82 Зертханалық шыны стақандар мен жабдық. Түрлері, негізгі параметрлері мен өлшемдер.

ГОСТ 25706-86 Лупалар. Түрлері, негізгі параметрлер. Жалпы техникалық талаптар..

ГОСТ 26678-85 Параметрлік қатардағы тұрмыстық электр компрессионды тоңазытқыштар мен мұздатқыштар. Жалпы техникалық шарттар.

ГОСТ 28498-90 Сұйықтықтық шыны термометрлер. Жалпы талаптар. Сынау әдістері.

Ескертпе - Осы стандартты пайдалану кезінде сілтемелік стандарттар мен жіктеуіштердің қолданысын ағымдағы жылдағы жай-күйі бойынша жыл сайын басылып шығарылатын «Стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттар» ақпараттық сілтемесі бойынша және ағымдағы жылда жарияланған тиісті ай сайын басылып шығарылатын ақпараттық сілтемелер бойынша тексерген дұрыс. Егер сілтемелік құжат ауыстырылса (өзгертілсе), онда осы стандартты пайдалану кезінде ауыстырылған (өзгертілген) стандартты басшылыққа алу керек. Егер сілтемелік құжат ауыстырылмай жойылса, онда оғансілтеме берілген ереже осы сілтемені қозғамайтын бөлікте қолданылады.

3 Терминдер мен анықтамалар

Осы стандартта тиісті анықтамаларымен мынадай терминдер қолданылады:

3.1 Гельминттер: Адам, жануар және өсімдіктер ағзасында мекендейтін паразит құрттардың жалпы атауы.

3.2 Цестодтар: (*Plathelminthes*) құрттарының паразит жалпақ таспалы құрттар түрі.

3.3 Трематод: *Trematoda* класына жататын паразит жалпақ құрт.

Ескертпе – Иесінің ағзасына беру үшін арнайы жабысқақтары бар ересек түрлері, адам ағзасында, мысалы, бауырда, ішекте және қан тамырларында паразит өмір сүріп ауыр ауру түрлерін туындатады.

3.4 Нематодтар: Жануарлар ағзасында паразит өмір сүретін және инвазивті аурулардың қоздырғышы болып табылатын бастапқы қуыстық құрттар.

3.5 Скребеньдер: Немательминттер тұрпатты құрттар.

Ескертпе - Ұзындығы 1- 65 см дейін. Омыртқалылардың ішегінде паразит өмір сүретін 500-ден астам түрі бар. Балықтар, құстар мен сүт қоректілердің қырылуын тудыра алады. Адамның зақымдану жағдайлары белгілі

4 Гидробионттардың және олардан қайта өңделген өнімдердің сынамаларын іріктеу, сақтау және талдауға дайындау

4.1 Жалпы ережелер

4.1.1 Балық өнімдері сынамаларын іріктеу және көлемі - ГОСТ 7631 сәйкес.

4.1.2 Эпидемиялық көрсеткіштер бойынша – жоспардан тыс тәртіпте, тұтынушылардың құқығын қорғау бойынша уәкілетті органдардың [2] сәйкес ұйғарымдары бойынша.

4.2 Кәсіпшілік аудандардың (биотоптар) паразитологиялық ахуалын бағалау мен бақылау кезінде гидробионттар сынамаларын іріктеу, сақтау және талдауға дайындау

4.2.1 Реактивтер мен жабдықтар:

- дәлдіктің арнайы класындағы рұқсат етілетін абсолют кінәраттың ГОСТ 24104 бойынша ± 0,0001 г ең жоғары шегімен аналитикалық таразы;
- рұқсат етілетін ± 0,01 г абсолют кінәраттың ең жоғары шегімен ГОСТ 24104 бойынша дәлдіктің жоғары класындағы зертханалық таразы;
- ГОСТ 26678 бойынша параметрлік қатардағы компрессиялық тұрмыстық электр тоңазытқыштар мен мұздатқыштар;
- ГОСТ 16317 бойынша тұрмыстық электр тоңазытқыш;
- ГОСТ 14919 бойынша тұрмыстық электр плитасы;
- ГОСТ 427 бойынша 1 мм бөлу бағамымен өлшеуіш сызғыш;
- эмаль астаушалар;
- ГОСТ 25336 бойынша Петри тостағы;
- ГОСТ 21241 бойынша медициналық қысқыш;
- операциялық тігу инелері;
- ГОСТ 25336 бойынша номинал сыйымдылығы 600 $см^3$ химиялық стақандар;
- ГОСТ 12026 бойынша сүзгіш қағаз.

Химиялық реактивтер:

- ГОСТ 6824 бойынша глицерин;
- қолданыстағы нормативтік құжаттама бойынша эфир;
- ГОСТ 20015 бойынша хлороформ.

Ескертпе – балама немесе барынша жоғары метрологиялық сипаттамаларымен басқа өлшеу құралдарын пайдалану рұқсат етіледі

4.2.2 Балық өнімдерін зерттеуді бастағанға дейін зерттелетін дананың түрлік тиесілігін дәл анықтау және осы стандарттың А, Б, В, Г қосымшаларын басшылыққа алу керек.

4.2.3 Жаңа ауланған балықты және балық емес кәсіпшілік гидробионттерді зерттегенге дейін ГОСТ 16317 бойынша тоңазытқышқа сақтау керек, кристалдану рұқсат етілмейді немесе 3-5 күнге дейін ауада аздап кептірілуі рұқсат етілмейді.

4.2.4 Зерттелер алдында балық өнімі шырыштан жуылуы, сүртілуі, өлшенуі, таразыға тартылуы тиіс. Белгіленген нысандағы журналда зерттеу нәтижелерінің жазбасы түсірілуге тиіс.

4.2.5 Циклоидті қабыршақты балықтардың жасы 15-тен 20 данаға дейін санда ірі қабыршақтарын бүйір желісінен жоғары алдыңғы бүйір бетінен іріктеу жолымен анықталуға тиіс. Ктеноидті қабыршақты балықтарда, сондай-ақ жалаңаш терілі балықтарда кейде желбезегінен кесінді немесе іскек алынуға тиіс.

4.2.6 Метацеркарий Metagonimus yokogawai және Metagonimus katsuradai болуын анықтау үшін балық денесінің түрлі бөліктерінен 20 қабыршақ, мөңке балықтан – бүйір сызығының бойына іріктелуге тиіс. Ірі қабыршақтар (сазандар, мөңке балықтан) зертеу алдында 50 %-глицерин ерітіндісінде 15-20 минут бойына ағартып алады.

4.2.7 Тірі шаяндар мен таңқы шаяндар 0,5-1,5 минут уақытқа қайнап жатқан суға салынуы немесе эфирмен (немесе хлороформмен) есінен таңдырылуға тиіс.

4.2.8 Жас немесе салқындатылған гидробионттар мен олардан өңделген өнімдерін зерттеуге дейін ГОСТ 16317 бойынша 2 °С - 4 °С дейінгі температурада тоңазытқышта сақтау керек. Мұздатылған балық өнімдері (шикізат, шала өнімдер және дайын бұйымдар) зерттеуге дейін ГОСТ 1168, ГОСТ 20057, ГОСТ 20414 сәйкес температура мен жағдайларда сақталуға тиіс.

4.2.9 Зерттеу алдында мұздатылған балық өнімі етінде 0 °С төмен емес температураға дейін ерітілуге тиіс. Тірі шаян тәрізділер өлтіріледі.

4.2.10 Қақталған, тұздалған және ысталған балықтар еттері жұмсарғанға дейін тәулік бойына алдын ала жібітілуге тиіс, бұл жағдайда су әр 4-6 сағат сайын ауыстырылуға тиіс.

4.2.11 Тұздалған уылдырық (дәнді, түйірсіз, ястық) 2-3 сағат бойына суда ұсталуға тиіс. Қалған балық өнімі арнайы дайындауды талап етпейді және зерттеулер басталғанға дейін ГОСТ 16317 бойынша тоңазытқышта сақталады.

4.2.12 Зерттелетін үлгінің нақты түрге тиесілігін ілеспе құжаттар бойынша анықтайды. Тұрпатты анықтау жасауға мүмкіндік беретін түрде гидробионттар келіп түскен жағдайда, оларды нақтылау керек болады.

4.3 Гидробионттар мен олардан қайта өңделген өнімдерді паразитологиялық зерттеу әдістері

4.3.1 Жабдық:

- қолданыстағы нормативтік құжаттама немесе дайындаушы құжаттамасы бойынша 3,5×-98× ұлғаю ауқымымен МБС тұрпаттағы бинокулярлық микроскоп;
- қолданыстағы нормативтік құжаттама немесе дайындаушы құжаттамасы бойынша кез келген маркадағы бинокулярға арналған жарық түсіргіш;
- объективінің 100× дейін, окулярының - 4×, 5×, 7×, 10×, 12,5×, 15× және 20× дейін ұлғаюымен Биолам, Бимам тұрпаттағы сәулелік микроскоп;
- ГОСТ 9284 бойынша заттық шынылар;
- ГОСТ 9412 бойынша медициналық дәке;
- ГОСТ 5556 бойынша медициналық мақта;
- қолданыстағы нормативтік құжаттама немесе дайындаушы құжаттамасы бойынша эмаль астаушалар;
- қолданыстағы нормативтік құжаттама немесе дайындаушы құжаттамасы бойынша кесу тақтайшалары;
- ГОСТ 25336 бойынша Петри тостағы;
- қолданыстағы нормативтік құжаттама немесе дайындаушы құжаттамасы бойынша сағат шынысы;
- ГОСТ 21241 бойынша медициналық қысқыш;
- ГОСТ 21240 бойынша медициналық қандауыр;
- ГОСТ 20292 бойынша өлшеуіш тамшуырлар;

- қолданыстағы нормативтік құжаттама немесе дайындаушы құжаттамасы бойынша резеңке бүріккіш;
- ГОСТ 12026 бойынша сүзгіш қағаз;
- ГОСТ 25706 бойынша ұлғайтқыш әйнек;
- қолданыстағы нормативтік құжаттама немесе дайындаушы құжаттамасы бойынша ағаш балға;

4.3.2 Химиялық реактивтер - физиологиялық ерітінді.

4.3.3 Гидробионттар мен олардан қайта өңделген өнімдерді зерттеу әдісін таңдау

4.3.3.1 Екі негізгі әдіс бар:

- визуалды;
- оптикалық құралдарды пайдалану арқылы.

Екі жағдайда гельминттер дернәсілдерінің тұрпаттық тиесілігін нақтылау МБС, Биолам немесе басқа тұрпаттағы сәулелік микроскоптар қолданумен жүргізіледі.

4.3.3.2 Әдісті таңдау гельминт түріне (түрлеріне), онда дернәсілдердің типтік жинақталуы (А, Б, В, Г қосымшаларын қараңыз) және өнім түріне қарай байланысты болады.

4.4 Балықты толық емес гельминтологиялық зерттеу әдістері

4.4.1 Балық үлкен эмаль астаушада немесе кең тегіс тақтайда жарылуға тиіс. Тері арқылы көрінетін дернәсілдер тігу инесімен алып шығарылуға тиіс.

4.4.2 Дене қуысының сол қабырғасын кесіп алынуы және соңғысына жол ашылуға тиіс. Дене қуысы мен ішкі органдардың мұқият қарап шығу бос жатқан немесе кесік астындағы немесе капсуладағы жай көзге көрінетін цестод, жұмыр құрттар, сауытбас құрт дернәсілдерін байқауға рұқсат етеді.

4.4.3 Содан кейін ішкі органдар алып шығарылуға тиіс. Жұмыртқалар (уылдырықтар) немесе тұқымдықтар (сүт) кесіп алынып жеке Петри тостақтарына салынып қарап шығарылады. Торсылдақ ішінен және сыртынан қарап шығарылады. Жүректі кесіп алып, оны, сондай-ақ жүрек қуыстары қаралады. Дене қуысында қалған ішіндегілерді сығымдау тәсілімен зерттеп шығады. Соңғысын дәке сулығымен сүртеді, көк еті қырып алынады.

4.4.4 Содан кейін ас қорыту жүйесінің органдар кешені кесіліп алынады: өт, ас қорыту жолы, бауыр, көк бауыр, ұйқы безі қаралады. Органдар бір бірінен және оларды қоршаған май тінінен ажыратып алынуға және қарап шығарылуға тиіс. Майлы тін 3 мм қалыңдықты жұқа тілімшелерге кесілуге немесе қараңғы фонда немесе жартылай өтетін сәуледе шыныпар арасында сығымдалып зерттелуге тиіс.

4.4.5 Соңында ішкі органдардың ішінен омыртқа бойынша жатқан бүйректер зерттелуге тиіс. Тіннің қопсыма түріне орай оларды бүтін ажыратып алу мүмкін болмайды. Олар бөлініп қырылып алынуын, бірнеше тамсы су қорсылып сығымдалған тәсілмен зерттелуге тиіс.

4.4.6 Жүзбеқанаттар кесіп алынуы және судың аздаған санында 16-48 (окуляр 8^x, 12^x объектив 2^x, 4^x) ұлғайтып МБС микроскопын пайдаланып қарап шығарылуға тиіс. Жүзбеқанат бұлшық еттері 4.4.9.3-т бойынша сығымдағыш тәсілмен зерттелуге тиіс.

4.4.7 Алынған желбезек доғалары сумен жабылуы және кезекпен петри тостағында тігу инелерінің көмегімен бинокуляр астында қаралуға тиіс. Содан кейін доғадан түбінен қалақшалар кесіп алынады, тігу инелерімен тарамдап байқалмай қалған паразиттерді алып шығады.

4.4.8 Балықтан қайшылар мен хирургиялық қысқыш көмегімен басынан құйрығына қарай терісі сыпырылып алынуға тиіс. Терісінің ішкі беті қарап шығарылуға тиіс, теріден

бөліп алынған бұлшық еттерінің бөлігі тілімшелерге келісуі немесе қырып алынуға және сығымдалуға тиіс.

4.4.9 Бұлшық еттерді зерттеу әдісі паразитологиялық бақылау (гельминт түрі) мақсаттарына қарай таңдалуға тиіс.

4.4.9.1 Параллель кесіктер әдісі. Әдіс балықтың бұлшық ет тіндерінде үлкейткіш құралдарды пайдаланбай көрінетін гельминттер (цестод, жұмыр құрт, сауытбас құрт) дернәсілдерін байқау үшін қолданыла алады.

Бұлшық ет тінін өткір қандауырмен 5 мм дейінгі қалыңдықпен тілімшелерге кесілуге тиіс, олар ашылуы және жарық түсіріліп жай көзбен шолып шығуға тиіс. Кесіктерді бұлшық ет талшықтарының бойымен және көлденеңінен де жасау рұқсат етіледі. Ірі дернәсілдерді немесе дернәсілді капсулаларды (1 см және одан үлкен шамалы) байқаған жағдайда паразеттердің бірнеше санын түрін анықтау үшін тұтас алып шығу керек болады.

Алынған дернәсілдерді Петри тостағына немесе сағат шынысына физиологиялық ерітіндімен бірге салу керек болады.

4.4.9.2 Бұлшық ет тіндерін жарыққа зерттеу әдісі. Жұмыр құрттар, цестод, сауытбас құрттарды айқындау үшін де пайдаланылады.

Осы әдісті қолдану үшін арнайы құрал - мөлдір қақпақты үстел (көлемі кемі 40 х 40 см, сүтті немесе күңгірт шыныдан жасалған) және астынан жарық түсіру керек. Астыңғы сәуле түсірілуімен МБС тұрпатты микроскопты үстелімен пайдалануға болады.

Балықтың бұлшық етін тінін (немесе құр етін) өткір қандауырмен немесе пышақпен 2-3 см дейінгі қалыңдықта тілімшелерге кесу керек болады.

Бұлшық ет кесектерін үстелдің үстіңгі бетіне салады және қарайды. Сәуле түсіру ашықтығы мен кесектер қалыңдығы нақты түрдегі балық етінің сәуле түсірілу дәрежесіне қарай тәжірибелік жолмен белгіленеді. Байқалған гельминт дернесілдерін тігу инесінің көмегімен балықтың бұлшық ет тінінен бөліп алады. Бөліп алынған дернәсілдерді петри тостағына немесе сағат шынысына физиологиялық шынымен орналастырады.

4.4.9.3 Сығымдағыш әдіс.

4.4.9.3.1 Әдіс метацеркарии трематод айқындау үшін қолданылуға тиіс. Балықтың бұлшық ет тіні мен ішкі органдарын, сондай-ақ шаян тәрізділердің бұлшық ет тіндерін қарау кезінде пайдаланады. Балықтың ішкі органдарын жұмыр құрт пен цестодтардың дернәсілдері болуына зерттеу кезінде пайдалану рұқсат етіледі.

4.4.9.3.2 Сығымдағыш зерттеуге метацеркарий барынша ықтимал жиналатын бұлшық ет тінінің телімдері мен органдары түсірілуге тиіс (Б қосымшасын қараңыз).

4.4.9.3.3 Зерттелетін телім қабыршақтан босатылуы, содан кейін қандауырмен арқасының орта сызығы бойынша терісі келісуі және бірінші кесіктен екі рет бүйір сызығына дейін кесумен арқанның орташа үштігінің телімі ажыратылуға тиіс. Бөлінген телімнен теріні қысқышпен көтереді және қандауыр көмегімен теріс астындағы жасуша бұлшық ет бетінде қалатындай етіп ажыратады. Өткір қандауырмен бұлшық еттің беттік қабатынан 2-3 мм артық емес қалыңдықпен жұқа тілімшелерді қырып немесе кесіп алады, оларды сығымдағыштың төменгі шынысына орналастырады, басқа шынымен жабады және оларды сығады.

Шеттері қырнауышпен өңделген терезе шынысынан дайындалған сығымдағыш шыныларын пайдалануға рұқсат етіледі. Шыны өлшемдері (6-8)х(12- 15) см, төменгі шыны жоғарғыға қарағанда аздап үлкендей болуы, қалыңдығы 3-5 мм болуы тиіс.

Кесінділерді 16-48 есе ұлғайтуды пайдаланып МБС тұрпатты микроскоп көмегімен қарайды (окуляр 8×, 12×, объектив 2×, 4×). Диагнозды нақтылау үшін дернәсілдермен тін телімдерін зат шыныларына ауыстырады, жабындықпен жабады және Биолам, Бимам түрдегі микроскоп көмегімен үлкен ұлғайту жағдайында (мысалы, объектив 8×, 10×, окуляр 7× немесе 10×, бинокулярлық қондырғы $1,5^{x}$) зерттейді.

Дернәсілдерді байқаған жағдайда дененің бір жағының бұлшық еттерін қараумен шеутеу рұқсат етіледі. Дернәсілдердің болмауы жағдайда кесікті екінші жағынан да қарау керек болады. Ұзындығы 20-25 см жас балық бүтін сығымдалуға тиіс. Барынша үлкен балықтарды екі жартысына жайып салады және терісін шешпей және қабыршақтан босатпай кесіктің жағынан сығымдап қарайды.

Кепкен кесіктер, препараттар сумен немесе физиологиялық ерітіндімен тамшуыр арқылы тамызып ылғалдандырылуға тиіс.

4.4.9.4 Жасанды асқазан сөлінде қорыту әдісі

Аппаратура, материалдар мен реактивтер:

- дәлдіктің арнайы класындағы рұқсат етілетін абсолют кінәраттың ГОСТ 24104 бойынша ± 0,0001 г ең жоғары шегімен аналитикалық таразы;
- рұқсат етілетін ± 0,01 г абсолют кінәраттың ең жоғары шегімен ГОСТ 24104 бойынша дәлдіктің жоғары класындағы зертханалық таразы;
- ± 1 °С рұқсат етілетін кінәратпен берілген температураны ұстауға мүмкіндік беретін 20 °С - 100 °С дейінгі температура ауытқуымен құрғақ ауалық электр термостат
- ГОСТ 26678 бойынша параметрлік қатардағы тұрмыстық сығымдағыш электр тоңазытқыштар мен мұздатқыштар;
- ГОСТ 16317 бойынша тұрмыстық электр тоңазыту құралдары;
- 1 х 1 мм ұяшықты елек;
- ГОСТ 20292 бойынша 1; 5; 10 $см^3$ өлшеуіш тамшуырлар;
- ГОСТ 6709 бойынша дистилденген су;
- ГОСТ 1770 бойынша 5; 25; 100 $см^3$ өлшеуіш цилиндрлер;
- 5,10 және 100 $см^3$ өлшеуіш құтылар;
- металл, шыны, ағаш қалақтар;
- түрлі өлшеуіш шыны құйғылар;
- 0,1; 0,25; 0,5 л реактивтер сақтауға арналған тығынды шыны банкалар;
- 1 -2 л дейінгі сиымдылықпен дистилденген суға арналған шыны банкалар (немесе құтылар);
- ГОСТ 25336 бойынша сиымдылығы 600 $см^3$ химиялық стақандар;
- ГОСТ 6675 бойынша жабындық шынылар;
- қолданыстағы нормативтік құжаттама немесе дайындаушы құжаттамасы бойынша пепсин;
- ГОСТ 4233 бойынша х.т. хлорлы натрий;
- ГОСТ 3118 бойынша х.т. шоғырланған тұз қышқылы.

4.4.9.4.1 Гидробионттар (тұрпаттық тиесілікті дифференциялау үшін, бақылау биологиялық сынама үшін материал алу, инвазияның төмен қарқындылығы немесе оны есептеу, гидробионтарды (жентек, пресервтерді) қайта өңдеу өнімдерін зерттеу үшін) тіндерінен дернәсілдерді бөлу мақсатында метацеркарий трематод, жиі жұмырбас құрт дернәсілін айыру үшін қорыту әдісі пайдаланыла алады.

4.4.9.4.2 Әдіс негізі жасанды асқазан сөлінде қоршаған бұлшық ет тінін кейіннен қорытумен қышқыл ортада метацеркарийдің сыртқы қабығынан босату.

4.4.9.4.3 Жасанды асқазан сөлін дайындау. 1000 мл дистилденген суға (ол болмаған жағдайда қайнаған, 37 °С - 38 °С дейін температураға салқындатылған су құбыры жолының суын пайдалануға болады) 7 г пепсин, 9,0 г ас тұзын (NaCl) және 10 мл шоғырланған тұз қышқылын (HCl) қосады.

4.4.9.4.4 Метацеркарий трематод бөліп алу үшін тері астының бұлшық ет тіні (0,5 см дейін), ал жұмыр бас құрттың ұсақ дернәсілдері үшін – барлық бұлшық ет тіні пайдалануға тиіс. Тінді теріден бөліп алады, пышақпен немесе ет тартқышта ұсақтайды (нанофиетус дернәсілі табылған жағдайда қосымша бауырларды пайдаланады). Содан кейін оған 1:10 қатынаста дайындалған асқазан сөлін құяды (жентектің 1 бөлігі мен

жасанды асқазан сөлінің 10 бөлігі). Сынаманы термостатқа 3 сағатқа 36°С-37°С температурасы жағдайында салады, содан кейін ішіндегіні шыны цилиндрлерге ұяшықтар көлемі (1х1) мм металл сүзгі немесе бір қабатты дәке арқылы сүзеді. 15-20 минуттан соң қорытылған бұлшық ет тінімен асқазан сөлінің үстіңгі қабатын төгіп тастайды, ал тұнбаны Петри тостағына (немесе терең шыны сағаты) ауыстырады және микроскоппен қарайды. Дернәсілдердің жақсы ажыратылуы үшін Петри тостағына физиологиялық ерітінді құяды, бірнеше айналдыру қозғалысын жасайды, нәтижесінде метацеркарилер Петри (сағат шынысының) тостағының ортасында жинақталады, ал физиологиялық ерітіндінің қалдығы бұлшық ет тінінің қалдықтарымен бірге қысқышпен алып тастайды. Процедураны қорытылмаған бұлшық ет тіні қалдықтарының толық жоқ боп кетуіне дейін қайталайды.

Қорыту әдісінің тиімділігі сығымдағышпен салыстырғанда 1,5 есе жоғары. Жас балықтан осы тәсілмен ажыратылған метацеркарии трематод өзінің құрылымы мен өміршеңдігін физиологиялық ерітіндіде 10-24 сағат бойына 20 °С - 25 °С дейінгі температура жағдайында және 5-7 күн бойына 1 °С - 4 °С дейінгі температура жағдайында сақтайды және биосынама үшін пайдаланыла алады.

4.4.10 Алдын ала 4.2.6-т бойынша дайындалған қабыршақ метацеркарий Metagonimus yokogawai, Metagonimus katsuradai болуына судың шағын бөлігінде МБС микроскобын пайдаланып (ұлғаю 16 - 48 есе, окуляр 8×, 12×, объектив 2×, 4×) зерттелуге тиіс.

4.5 Қос мекенділер мен бауырымен жорғалаушыларды толық емес гельминтологиялық зерттеу әдістері

Қос мекенділер мен бауырымен жорғалаушыларды балықты тексеру кезінде қолданылатын балама әдіспен зерттейді.

4.6 Омыртқасыздарды толық емес гельминтологиялық зерттеу әдістемесі

4.6.1 Екі жақтаулы моллюскалар.

4.6.1.1 Бақалшақтан моллюска денесі алып шығарылуға тиіс.

4.6.1.2 Моллюска денесі су құйылған астаушаға (немесе петри тостағына) салынуға тиіс. Мантия мен ішкі органдары: алдыңғы аддуктор артында тікелей немесе аддуктор үстінде артқы жағында (теңіз ирекшелері мен устрицаларда) жатқан бауыр, перикардия мен артқы аддуктормен жымдасатын бүйректер қаралып шығуға тиіс. Жұмырбас құрттардың байқалған дернәсілдері операциялық инемен алып шығарылуға тиіс.

4.6.1.3 Мантиялық бүктемелер мен желбезектер кесіп алынуы және 4.4.9.2 жарыққа немесе 4.4.9.3-т бойынша сығымдалып қаралуға тиіс.

4.6.1.4 Кесіліп алынған гонадалар мен ас қорыту жүйесі сығымдағыш тәсілмен зерттелуге тиіс.

4.6.1.5 Аддукторлар мен аяқтар 4.4.9 –т бойынша зерттелуге тиіс.

4.6.1.6 Анықталған дернәсілдер Петри тостағына немесе шыны сағатына физиологиялық ерітіндіге паразит түрін әрі қарай анықтау үшін салынуға тиіс.

4.6.2 Бас аяқты моллюскалар. Ішкі органдардан босаған мантия балықтардың бұлшық ет тініне балама зерттелуге тиіс - 4.4.9.2-т бойынша сәуле түсіріп немесе 4.4.9.1-т бойынша параллель кесінділер әдісімен зерттеледі.

4.6.3 Шаян тәрізділер.

4.6.3.1 Кейде бөлігінің бұлшық еттері, желбезектер, абдоменнен алынған, шаян тәрізділердің аяқтарынан алынған ет сығымдау әдісімен 4.4.9.3-т сәйкес зерттелуі және

16-48 есе ұлғайтып микроскопиялануға тиіс (окуляр 8×, 12×, объектив 2×, 4×). Кеуде бөлігінің артқы бөлігінен жүректі шығарып алады және осы тәсілмен зерттейді.

4.6.3.2 Барлық бөлініп алынған бұлшық ет тінін 4.4.9.4-т бойынша жасанды асқазан сөлінде қорыту әдісімен зерттеу рұқсат етіледі.

5 Гельминттер дернәсілдерін дифференциалды диагностикалау әдістері

5.1 Реактивтер мен жабдық

Химиялық реактивтер мен жабдық:

- физиологиялық ерітінді;
- жұмырбас құрттарды ағартуға арналған сұйықтық (1-бөлім дистилденген су + 1 бөлім шоғырланған сүт қышқылы + 1 бөлік глицерин);
- қолданыстағы нормативтік құжаттама немесе дайындаушы құжаттамасы бойынша 16-48 есе ұлғайтумен МСБ тұрпатты бинокулярлық микроскоп (окуляр 8×, 12×, объектив 2×, 4×);
- ұлғайтқыш әйнек ГОСТ 25706 бойынша;
- қолданыстағы нормативтік құжаттама немесе дайындаушы құжаттамасы бойынша кез келген маркалы бинокулярға арналған жарық түсіргіш;
- объективі 100× дейін, окуляры - 4×, 5×, 7×, 10×, 12,5×, 15× және 20× дейін ұлғаятын Биолам, Бимам тұрпатты сәулелік микроскоп;
- қолданыстағы нормативтік құжаттама немесе дайындаушы құжаттамасы бойынша кез келген маркалы микроскопқа сәуле түсіргіш;
- қолданыстағы нормативтік құжаттама немесе дайындаушы құжаттамасы бойынша сәулелік микроскопқа арналған окуляр-микрометр;
- қолданыстағы нормативтік құжаттама немесе дайындаушы құжаттамасы бойынша бинокулярлық микроскопқа арналған окуляр-микрометр;
- қолданыстағы нормативтік құжаттама немесе дайындаушы құжаттамасы бойынша объект-микрометр;
- ГОСТ 9284 бойынша заттық шынылар;
- ГОСТ 9284 бойынша үлкен заттық шынылар(6 - 8 х 12 - 15 см, қалыңдығы 2 - 4 мм);
- ГОСТ 6675 бойынша жабындық шынылар;
- ГОСТ 25336 бойынша Петри тостағы;
- қолданыстағы нормативтік құжаттама немесе дайындаушы құжаттамасы бойынша сағат шыны;
- ГОСТ 21241 бойынша медициналық қысқыш;
- түрлі қалыңдықты операциялық инелер;
- ГОСТ 20292 бойынша өлшеуіш тамшуырлар;
- қолданыстағы нормативтік құжаттама немесе дайындаушы құжаттамасы бойынша резеңке бүріккіш;

Гельминттер дернәсілдерінің тұрпаттық тиесілігін анықтау үшін оптикалық құралдарды қолданумен зерттеу қажет болады.

Балықтар, моллюскалар, шаян тәрізділер, қос мекенділер мен бауырымен жорғалаушы плероцеркоидтар, жұмырбас құрттардан, сауытбас құрттардан алынған, тіндерден ажыратылған метацеркарий немесе паразит ретінде қабылдана алатын қосымдарды (инцистирленген немесе инкапсуланған) заттық шыныға су немесе физиологиялық ерітінді тамшысына орналастырады, жабындық шынымен жабады және шағын (56 - 150 есе, окуляр 7×, 10×, объектив 8×, 10×, бинокулярлық қондырғы 1,5×),

содан кейін үлкен (140 - 600 есе, окуляр 7×, 10×, объектив 20×, 40×, бинокулярлық қондырғы 1,5×) микроскоп ұлғайтуымен зерттейді.

Жұмырбас құрттарды дифференциалды диагностикалау дернәсілдерді ағартушы сұйықтықта алдын ала ұстауды талап етеді. Тығыз жиектемелі ірі дернәсілдерді екі-үш күн бойына ағартады (Anisakidae текті дернәсілдер), жұқа жиектемелі ұсақтарды – кемі 3 – 5 сағат ағартады.

Олардың бөліктері немесе органдарынан бөлек дернәсілдерге қажетті өлшеулер жүргізу үшін окуляр-микрометр (оның фокальді жазықтығына 0,1 мм сәйкес келетін бөліктермен 1 см ұзындықты мөлдір сызғыш орнатылған окулярмен) пайдалану керек болады. Түрлі объективтерді пайдалану кезінде шкаланың бөліну бағамы өзгереді және объект-микрометр – өзімен 0,01 мм бөлу бағамымен шыныға салынған шкаланы білдіретін препарат көмегімен есептеледі. Объективті ұлғайтудың дәл мәні (1) формуласы бойынша есептеледі:

$$b = 10x\frac{n}{m} \qquad (1),$$

мұнда b – объектив ұлғаюының дәл мәні,
n- окулярлық шкала бөлінуі,
m – объект-микрометр суретінің бөлінуі.

Объективтерді өлшеу кезінде n окулярлық шкаланың қанда бөліктері шегінде өлшенетін элементтің суреті орналасатынын бақылайды, оның көлемін (2) формуласы бойынша есептейді:

$$a = 0{,}1x\frac{n}{m} \qquad (2),$$

мұнда a – өлшенетін элемент көлемі,
n- окулярлық шкала бөлінуі,
m – объект-микрометр суретінің бөлінуі

5.2 Цестод дернәсілдерін дифференциалды диагностикалау

5.2.1 Плероцеркоидтар (лантецтердің дернәсілдік кезеңі) түрлерін анықтау кезінде морфологиялық нышандар пайдаланылуға тиіс:

- дернәсілдердің жинақталу сипаты (дернәсілдермен капсулалар);
- қосымша иелер құрамы;
- географиялық таралуы (А қосымшасын қараңыз).

5.2.2 Жас және салқындатылған балықты зерттеу кезінде тұщы суда дернәсілдердің өміршеңдік мерзімі ескерілуге тиіс

а) Diphyllobothrium latum және Diphyllobothrium luxi(D. klebanovskii) дамыған плероцеркоидтері суда тәулік және одан жоғары тірі болады.

б) Diphyllobothrium dendriticum - 2,5 сағатқа дейін (ұсақтары – 1 сағаттан артық емес).

в) Diphyllobothrium ditremum (Diphyllobothrium dendriticum ұқсас инкапсулаланған дернәсілдерді шоғырландыру бойынша) - 10 минуттан артық емес.

г) Спарганумдар Spirometra erinacei-europaei тегументі бұзылмай су құбыры суында тәуліктен артық, физиологиялық ерітіндіде 8-13 күн бойына тірі болып қалады.

5.3 Метацеркарий трематодтарды дифференциалды диагностикалау

5.3.1 Трематодтар тегі мен түрін анықтау кезінде цисталардың көлемі мен нысаны, қабықтарының сипаты; цистта дернәсіл орналасуы (жылжымалығы 2) және оның құрылымы, оның ішінде экскреторлық қуық өлшемі, түсі мен нысаны, қосымша иелер шеңбері және балық немесе шаян тәріздінің денесінде шоғырлануы (Б, В қосымшалары) ескерілуге тиіс.

Адам денсаулығы үшін барлық қауіпті, балықта кездесетін метацеркарийлер цисталарға салынған. Цисталар көлемі 1 мм аспайды. Балықта байқалған ірі немесе бос, инцистенбеген метацеркариилер әрі қарай зерттеуді қажет етпейді.

5.3.2 Paragonimidae текті метацеркарилер цисттерде немесе бос та бола алады. Трематодтарды циста құрылымы бойынша түрін анықтау зерттеушінің жеткілікті тәжірибесі жағдайында ғана мүмкін болады. Олай болмайтын жағдайда тремотодтардың тұрпаттық тиесілігін нақтылау үшін цистадан метацеркарийді алып шыққан орынды болады.

5.3.3 Қоршаған тіндерден толық ажыратылған цистті шыныға су немесе физиологиялық ерітінді тамшысына орналастырады. Оның қабығын жұқа инемен (жақсысы энтомологиялық түйреуішпен N 00) немесе жабындық шыныны жеңіл басумен жарады. Егер бұл жағдайда дернәсіл цисттан шықпаса, оны тамшуырдан сумен шаяды. Цисттен метацеркарийдің шығуын адам немесе жануардың дуоденальді сұйықтығымен немесе трипсинмен әсер етіп ынталандыруға болады.

Морфологиясы бойынша цисттерден бөлінген дернәсілдерден ересек трематодтардың құрылымын тану рұқсат етіледі.

5.3.4 В қосымшасында адамда парагонимоздың түрлі нысандарының қоздырғыштары ретінде шынайы тіркелген метацеркарий парагонимидтердің диагностикалық нышандары келтірілген.

5.4 Жұмырбас құрт дернәсілдерін дифференциалды диагностикалау

Олармен зақымдану балық өнімдері арқылы жүретін жұмырбас құрттар түрлі жүйелі топтарға жатады және морфологиялық құрылымы бойынша әр түрлі болып келеді. Адам үшін инвазиондысы III және IV кезеңдегі дернәсілдер болып табылады. Дернәсілдер көлемі, бас шетінің қарулану сипаты, ас қорыту жүйесінің құрылымы жұмырбас құрттар жүйесінде дифференциалды диагностикалау (Г қосымшасы) үшін пайдаланылады.

5.5 Сауытбас құрт дернәсілдеріне дифференциалды диагностика

5.5.1 P. Corynosoma. дернәсілдерімен капсулалар өлшемі 2-4 мм. Дернәсілдер денесі алмұрт нысанды, алдыңғы жағына қарай кеңейтілген, ұзындығы 10 мм. Дернәсілдің алдыңғы бөлігінің бетіне қылдар өскен: барынша ірілері шахмат тәртіпте орналасқан – дененің бірінші үштігінде және қалған бөлігінде әр әр жерде орналасқан барынша ұсақ болып келеді. Тұмсығы цилиндр түрлі, ортасына қарай аздар кеңейеді. C. strumosum (6-сурет) тұмсығында әр қатарында 10-12 ілмекті 18 бойлық қатары бар. Денесінің ұзындығы 3,5 - 9 мм дейін, ені 1,5 мм дейін. C. semerse тұмсығында 22 – 24 ілмектердің бойлық қатары бар, дернәсіл ұзындығы 5 мм дейін.

Өскен ересек нысандысы – теңіз сүт қоректілері мен балық жейтін құстардың ішек паразиттері.

5.5.2 P. Bolbosoma. У caenoforme дернәсіл денесі –цилиндр түрлі, бірақ алдыңғы бөлігінде бульбус тектес кеңею құрайды, оның алдыңғы қатарында тікендері болады.

Акантеллалар өлшемі (7 – 12) х (0,9 - 1,2) мм. Тірі дернәсілдері қызғылт-қызыл түсті. Цилиндр тұмсығында әр 6 қатарда 18 бойлық ілмектері бар.

Ересек нысандары теңіз сүт қоректілерінің ішегінде жинақталады.

6 Гельминттер дернәсілдерінің өміршеңдігін белгілеу әдістері

6.1 Морфологиялық ньшандары мен қозғалу белсенділігі бойынша анықтау әдісі

6.1.1 Балық өнімдерінде дернәсілдерді байқаған жағдайда, оның ішінде оларды зарарсыздандыру тиімділігін бағалау кезінде олардың өміршеңдігі анықталуға тиіс.

6.1.2 Реактивтер, материалдар мен жабдық.

Химиялық реактивтер, материалдар:

- физиологиялық ерітінді;
- заттық шыны ГОСТ 9284 бойынша;
- жабындық шыны ГОСТ 6675 бойынша;
- Петри тостақтары ГОСТ 25336 бойынша;
- қолданыстағы нормативтік құжаттама немесе өндіруші құжаттамасы бойынша сағат шынылары;
- өлшеуіш құтылар 25; 50; 100; 250 $см^3$ ГОСТ 1770 бойынша;
- сынауықтар ГОСТ 25336 бойынша;
- медициналық қысқыш ГОСТ 21241 бойынша;
- спирт шамы ГОСТ 25336 бойынша;
- спирттік термометр ГОСТ 28498 бойынша А тұрпатты температуралар ауқымы 0 °С - 100 °С дейін рұқсат етілетін кінәрат шегі ±0,2;
- қолданыстағы нормативтік құжаттама немесе өндіруші құжаттамасы бойынша түрлі қалыңдықты операциялық инелер.

Жабдық:

- қолданыстағы нормативтік құжаттама немесе өндіруші құжаттамасы бойынша ±1°С рұқсат етілетін кінәратпен берілген температураны ұстауға мүмкіндік беретін, жұмыс температуралары ауқымы 25 °С - 55 °С дейінгі термостат;
- қолданыстағы нормативтік құжаттама немесе өндіруші құжаттамасы бойынша 16 - 48 рет (окуляр 8 ×, 12×, объектив 2×, 4×) ұлғайтатын МБС тұрпатты бинокулярлық микроскоп;
- ұлғайтқыш әйнек ГОСТ 25706;
- қолданыстағы нормативтік құжаттама немесе өндіруші құжаттамасы бойынша 16 - 48 рет (окуляр 8×, 12×, объектив 2×, 4×) ұлғайтатын кез келген маркалы бинокулярға арналған жарық бергіш;
- қолданыстағы нормативтік құжаттама немесе өндіруші құжаттамасы бойынша Биолам, Бимам типтегі сәулелік микроскоп;
- қолданыстағы нормативтік құжаттама немесе өндіруші құжаттамасы бойынша кез келген маркалы микроскопқа арналған жарық түсіргіш.

6.1.3 Цестодтар, жұмырбас құрт пен сауытбас құрттар дернәсілдері 37 °С - 40 °С дейін қыздырылған, физиологиялық ерітінді құйылған Петри тостағына немесе сағат шынысына салынуға және дернәсілдің немесе оның қаралатын бөлігінің өлшеміне сәйкес келетін ұлғайту жағдайында бинокулярлы ұлғайтқыш әйнек (МБС түрдегі микроскоппен) астында қаралуға тиіс.

Инцистирленген дернәсілдер қабықтарынан алып шығарылуға тиіс. Белсенді емес тірі дернәсілдердің қозғалуын физикалық тітіркендіру, дернәсілдерге дене қысқаруын тудыратын үшкір операция инесімен піскілеу көмегімен қозғалту рұқсат етіледі.

Анизакид дернәсілдері (физиологиялық ерітіндіде) 2 сағатқа 37 °С температуралы термостатқа салынуға тиіс. Түстерінің өзгеруі, жабындарының ашылуы, дененің басқа да бұзылу өзгерістері дернәсілдердің өміршең еместігін көрсетеді. Көрінетін өзгерістер мен өмір нышандарының болмауы жағдайда химиялық әсер ету әдісі қолданылуға тиіс.

6.1.4 Метацеркарий трематод, операциялық ине көмегімен балық (немесе шаян тәрізділер) тінінен бөліп алынып жылы су немесе физиологиялық ерітіндінің (37 °С - 40 °С дейін) тамшысына заттық шыныға салынуға тиіс, жабындық шынымен жабылуы және микроскоптың шағын және үлкен ұлғайтуымен зерттелуге тиіс.

Метацеркарийдің өлу нышандары – цисталар қабығының бүтіндігінің бұзылуы, дернәсілдің ішкі құрылымының дөрекі өзгеруі, ішіндегісінің ыдырауы, экскреторлық қуығының бұзылуы болып табылады. Метацеркариилер цистта болып қозғала алады. Дернәсілдің өзіндік әлсіз болса да қозғалуының болуы оның өміршеңдігін білдіреді. Қозғалуының болмауы оның өлгенін білдірмейді. Қозғалысты метацикарийді жабындық шынымен ақырын басу арқылы жүзеге асыру рұқсат етіледі.

6.2 Электрмен ынталандыру (тұрақты электр тогын пайдалану) әдісі

6.2.1 Реактивтер, материалдар мен жабдық.

Химиялық реактивтер мен материалдар:

- физиологиялық ерітінді немесе су ГОСТ 6709 бойынша;
- үлкен заттық шынылар ((6 – 8) х (12 – 15) см, қалыңдығы 2 - 4 мм) ГОСТ 9284 бойынша;
- Петри тостақтары ГОСТ 25336 бойынша;
- көз тамызғылары ГОСТ 21241 бойынша;
- қолданыстағы нормативтік құжаттама немесе өндіруші құжаттамасы бойынша түрлі қалыңдықты операция инелері;
- қолданыстағы нормативтік құжаттама немесе өндіруші құжаттамасы бойынша тұрақты ток көзі (кернеуі 1,5 В батареялы);
- қолданыстағы нормативтік құжаттама немесе өндіруші құжаттамасы бойынша жұқа сым;
- сүзгіш қағаз ГОСТ 12026 бойынша.

Жабдық:

- қолданыстағы нормативтік құжаттама немесе өндіруші құжаттамасы бойынша 16 - 48 рет (окуляр 8×, 12×, объектив 2×, 4×) ұлғайтатын МБС тұрпатты бинокулярлық микроскоп;
- ұлғайтқыш әйнек ГОСТ 25706 бойынша;
- қолданыстағы нормативтік құжаттама немесе өндіруші құжаттамасы бойынша кез келген маркалы бинокулярға арналған жарық бергіш.

6.2.2 Жұмырбас құрт, цестод және сауытбас құрттар дернәсілдеріне ғана қолданылады.

Дернәсілдерді ылғал сүзгіш қағазға салу және дернәсіл арқылы өткізілетін тұрақты әлсіз электр тогымен (0,5 - 1,5 В) әсер ету керек. Осы мақсатпен элементтің оң және теріс полюстерінен екі жұқа оқшауланған сым (тұрақты ток көздері) екі операциялық инеге беріледі.

Қысқарып қозғалудың пайда болуын МСБ түрдегі микроскоп астында бақылайды.

6.3 Химиялық әсер ету әдісі (химиялық тітіркендіргіштерді пайдаланып)

6.3.1 Реактивтер, материалдар мен жабдық.

Химиялық реактивтер мен материалдар:

- физиологиялық ерітінді;

- адамды зондтау кезінде алынған дуоденалды құрам немесе жануарлар өті (дәріханалық);

трипсин (физиологиялық ерітіндіде дайындалған 0,5%-лік ерітінді: 0,5 г трипсинді 100 мл физерітіндіде ерітеді);

- заттық шынылар ГОСТ 9284 бойынша;

- жабындық шыны ГОСТ 6675 бойынша;

- Петри тостағы ГОСТ 25336 бойынша;

- қолданыстағы нормативтік құжаттама немесе өндіруші құжаттамасы бойынша сағат шынылары;

- қолданыстағы нормативтік құжаттама немесе өндіруші құжаттамасы бойынша операциялық инелер;

- спирт шамы ГОСТ 25336 бойынша;

- 5; 25; 100; 250 $см^3$ өлшеуіш құтылар ГОСТ 1770 бойынша;

- сынауықтар ГОСТ 25336 бойынша;

- көз қысқыштары ГОСТ 21241 бойынша;

- суға арналған спирттік термометр ГОСТ 28498 бойынша ±0,2 рұқсат етілетін кінәрат шегімен 0 °С - 100 °С дейінгі температуралар ауқымымен А тұрпатты.

Жабдық:

- қолданыстағы нормативтік құжаттама немесе өндіруші құжаттамасы бойынша 16 - 48 рет (окуляр 8×, 12×, объектив 2×, 4×) ұлғаятын МСБ тұрпатты бинокулярлық микроскоп;

- ұлғайтқыш әйнек ГОСТ 25706 бойынша;

- қолданыстағы нормативтік құжаттама немесе өндіруші құжаттамасы бойынша кез келген маркалы бинокулярға арналған жарық түсіргіш;

- қолданыстағы нормативтік құжаттама немесе өндіруші құжаттамасы бойынша Биолам, Бимам тұрпатты сәулелік микроскоп;

- қолданыстағы нормативтік құжаттама немесе өндіруші құжаттамасы бойынша кез келген маркалы микроскопқа арналған жарық түсіргіш;

- қолданыстағы нормативтік құжаттама немесе өндіруші құжаттамасы бойынша ± 1 °С рұқсат етілетін кінәратпен берілген температураны ұстауға мүмкіндік беретін 25 °С - 55 °С дейінгі жұмысшы температуралар ауқымымен термостат.

6.3.2 Адамды зондтау кезінде алынған дуоденалды құраммен, немесе жануарлар өтімен не трипсинмен өміршеңді дернәсілдерге әсер ету әдісі. Әдісті метацеркарий трематодтардың өміршеңдігін анықтау үшін қолданады.

Химиялық реагенттің бірнеше тамшысын дернәсілдерді толық жабу үшін бөлінген метацеркарийге жағылуға тиіс.

Эксцистирлеуді жылдамдату үшін дернәсілдермен заттық (сағаттық(шыныны спирт шамы жалыны астында аздап жылыту немесе 37 °С - 40 °С дейін температураға алдын ала жылытылған трипсинді (немесе өтті) енгізуге, немесе 10 минутқа t = 37 °С-пен термостатқа қоюға болады. Бірнеше секундтан кейін химиялық тітіркендіргіш әсерімен дернәсілдердің цисттерден шығуы және олардың белсенді қозғалысы басталады, бұл өміршеңдігінің көрсеткіші болып табылады. Дернәсілдерді эксцистирлеу процесін МБС түрдегі микроскоп астында бақылайды.

30 минут бойына қайбір қозғалу реакциясының болмауы дернәсілдердің өлгенін білдіреді.

6.3.3 Алдын ала мұздатуға немесе суықтай ыстауға түсірілген балықтардан (моллюскалардан) жұмырбас құрттар дернәсілдерінің, гельминттердің өміршеңдігін анықтау үшін t = 37 °С жағдайында физиологиялық ерітіндіде немесе трипсиннің 0,5%-

дық ерітіндісінде термостатта инкубациялайды. Дернәсілдерді олардың күн сайын өміршеңдігін тексеріп үш күн бойына инкубациялайды.

6.3.4 Гельминттер дернәсілдерінің өміршеңдігін анықтау үшін жасанды асқазан сөлінде балық өнімдерін қорыту әдісін пайдалануға болады.

6.4 Флюоресценциялау (ультракүлгін сәулені пайдаланып) әдісі

6.4.1 Материалдар:

- қолданыстағы нормативтік құжаттама немесе өндіруші құжаттамасы бойынша 20; 40 Вт күшімен ЛД немесе ЛЦ тұрпатты люминесцентті шам;
- қолданыстағы нормативтік құжаттама немесе өндіруші құжаттамасы бойынша мөлдір жоғарғы қақпақты үстел (өлшемі кемі (40 х 40) см);
- қорғаныс (көк) көзілдіріктер ГОСТ 12.4.013 бойынша;
- үлкен заттық шынылар ((6 – 8) х (12 – 15) см, қалыңдығы 2 - 4 мм дейін) ГОСТ 9284 бойынша;
- қандауыр ГОСТ 21240 бойынша;
- қысқыштар (хирургиялық және көздік) ГОСТ 21241 бойынша;
- қолданыстағы нормативтік құжаттама немесе өндіруші құжаттамасы бойынша түрлі қалыңдықты операция инелері.

6.4.2 Әдіс көптеген жануарлардың тірі және өлі тіндероінің ультракүлгін сәуленің әсері астында флюоресцирлеу қасиетіне негізделген. Әдіс жұмырбасқұрттар дернәсілдеріне қолданылады.

6.4.3 Балық (немесе кальмарлар) бұлшық еттерінің кесектері немесе қалыңдығы 2 см артық еттер екі жағынан сәулелендіруге тиіс.

Қарап шығу кезінде зерттеушіде қорғаныс (көк) көзілдірік пайдалануы тиіс.

Мұздатылуға түсірілген балық өнімдерінде өлі жұмырбас құрттарды қарқынды флюоресцирлейді. Түрлі түрлерді сәулелендіру сипаттары түрліше: Anisakis дернәсілдері көгілдір-ақ флюоресценцияға (тірілерде әлсіз және өлілерде - ашық); р. Contracaecum дернәсілдері - бозғылттан (тірілерінде) ашық сарыға дейін (өлілерде) түске ие болады.

6.5 Бояу әдісі (бояулар пайдалану арқылы)

6.5.1 Реактивтер, материалдар және жабдық.

Реактивтер, материалдар:

- физиологиялық ерітінді;
- р-р метилен көк (метилен көк - 0,05 г, ащы натрий - 0,5 г ГОСТ 4328 бойынша, сүт қышқылы - 15 мл ГОСТ 490 бойынша);
- бейтарап қызыл (нейтраль-рот) 1:1000 араластыруда (0,1 г бейтарап қызылды 100 мл дистилденген суда ерітеді);

Розол (аурин) қышқылының 0,3 %-лік ерітіндісі (0,3 г розол қышқылын 100 мл 70°-лік спиртте ерітеді);

- қолданыстағы нормативтік құжаттама немесе өндіруші құжаттамасы бойынша КОН (0,1 N ерітінді);
- заттық шынылар ГОСТ 9284 бойынша;
- жабындық шыны ГОСТ 6675 бойынша;
- Петри тостағы ГОСТ 25336 бойынша;
- қолданыстағы нормативтік құжаттама немесе өндіруші құжаттамасы бойынша сағат шынысы;
- көк қысқыштары ГОСТ 21241 бойынша;

- қолданыстағы нормативтік құжаттама немесе өндіруші құжаттамасы бойынша түрлі қалыңдықты операциялық инелер;

- сүзгіш қағаз ГОСТ 12026 бойынша.

Жабдық:

- қолданыстағы нормативтік құжаттама немесе өндіруші құжаттамасы бойынша 16 - 48 рет (окуляр 8×, 12×, объектив 2×, 4×) ұлғайтатын МБС түрдегі бинокулярлық микроскоп;

- ұлғайтқыш әйнек ГОСТ 25706 бойынша;

- қолданыстағы нормативтік құжаттама немесе өндіруші құжаттамасы бойынша кез келген маркалы бинокулярға арналған жарық бергіш;

- қолданыстағы нормативтік құжаттама немесе өндіруші құжаттамасы бойынша Биолам, Бимам түрдегі сәулелік микроскоп;

- қолданыстағы нормативтік құжаттама немесе өндіруші құжаттамасы бойынша кез келген маркалы микроскопқа жарық түсіргіш.

6.5.2 Пайдаланылатын бояуға қарай не тірі, не өлі гельминттер боялады.

6.5.3 Жұмырбас құрт, цестод пен сауытбас құрттардың дернәсілдері метилен көк ерітіндісі құйылған Петри тостағына (немесе сағат шынысына) салынуға тиіс. Өлі дернәсілдер көк түске боялады. Нерв талшықтары мен жасуша ядролары боялады.

6.5.4 Тірі плероцеркоидтар тұрақты қызғылт бояуға ие болып 5-20 минут ішінде бейтарап-роттың сулы ерітіндісімен боялады. Дернәсілдерді бақылау үшін бояудан алып шығарулары, таза физиологиялық ерітіндіге салынуға тиіс, ол жерде боялу дәрежесі қаралуға тиіс. Өлі дернәсілдер тұрақты бояуға ие бола алмайды.

6.5.5 Метацеркарий трематодтардың өміршеңдігін анықтау үшін розол қышқылының (аурин) ерітіндісімен бояуды пайдаланады.

Дернәсілдері бар бұлшық ет кесектері майдан босатылуға тиіс. Тінге 2 тамшы розол қышқылын жағады, ал 2 минуттан соң - 0,1 N КОН ерітіндісін тін бойынша біртегіс таратып жағады. Артық сұйықтықты препараттан сүзгіш қағазбен алып тастайды. Жабынды шынымен жауып микроскоптайды.

Балық тіні қызғылт түске боялады, тірі дернәсілдер боялмайды, өлілері қызғылт түске боялады.

6.6 Биологиялық сынама әдісі

6.6.1 Реактивтер, материалдар мен жабдық.

Реактивтер, материалдар:

- физиологиялық ерітінді;

- зертханалық жануарлар (сары атжалман, ақ тышқандар мен егеуқұйрықтар);

- заттық шынылар ГОСТ 9284 бойынша;

- жабындық шынылар ГОСТ 6675 бойынша;

- үлкен заттық шынылар ((6 – 8) х (12 – 15) см, қалыңдығы 2 - 4 мм дейін) ГОСТ 9284 бойынша;

- қолданыстағы нормативтік құжаттама немесе өндіруші құжаттамасы бойынша канюлялармен 2 мл шприцтер;

- қандауырлар ГОСТ 21240 бойынша;

- Петри тостағы ГОСТ 25336 бойынша;

- қолданыстағы нормативтік құжаттама немесе өндіруші құжаттамасы бойынша сағат шынылары;

- түрлі өлшеуіш қысқыштар (хирургиялық, анатомиялық) ГОСТ 21241 бойынша;

- түрлі өлшеуіш қандауырлар ГОСТ 21240 бойынша;

- қолданыстағы нормативтік құжаттама немесе өндіруші құжаттамасы бойынша бойынша корнцангтар;

- қолданыстағы нормативтік құжаттама немесе өндіруші құжаттамасы бойынша түрлі өлшеуіш қайшылар;

- қолданыстағы нормативтік құжаттама немесе өндіруші құжаттамасы бойынша түрлі қалыңдықты операциялық инелер.

Жабдық:

- қолданыстағы нормативтік құжаттама немесе өндіруші құжаттамасы бойынша 16 - 48 рет (окуляр 8×, 12×, объектив 2×, 4×) ұлғайтатын МБС түрдегі бинокулярлық микроскоп;

- ұлғайтқыш әйнек ГОСТ 25706 бойынша;

- қолданыстағы нормативтік құжаттама немесе өндіруші құжаттамасы бойынша кез келген маркалы бинокулярға арналған жарық бергіш;

- қолданыстағы нормативтік құжаттама немесе өндіруші құжаттамасы бойынша Биолам, Бимам түрдегі сәулелік микроскоп;

- қолданыстағы нормативтік құжаттама немесе өндіруші құжаттамасы бойынша кез келген маркалы микроскопқа жарық түсіргіш.

6.6.2 Гельминт түрі, дернәсілдер өміршеңдігі мен инвазивтілігі туралы даулы жағдайда соңғы қорытынды үшін биологиялық сынама – зертханалық жануарларды зақымдау талап етіледі.

Әдіс адамдарда паразитті түрде болатын гельминттің көптеген түрлерінің басқа сүт қоректілерге ену қасиетіне негізделген. Осы мақсат үшін барынша қолайлы зертханалық жануар алтын аламан болып табылады. Кейбір жағдайда басқа жануарларды (мысық баласы, ақ тышқандар мен егеуқұйрықтар) пайдалану керек болады.

6.6.3 Дернәсілдердің қосымша (немесе сұйыққоймалық) иелерінің ішкі органдары немесе бұлшық ет кесектерін зертханалық жануарларға жеуге береді. Гельминттің әр түрі үшін анықталған уақыттан кейін (төменде қараңыз) жануарлар нәжістерінен паразит жұмыртқаларын байқайды. Содан кейін жануарды ұйықтатады (өлтіреді) және толық емес гельминтологиялық жару әдісімен ашады. Байқалған гельминттерді түріне дейін анықтайды.

6.6.4 Цестодтар.

6.6.4.1 Дифиллоботриидтер үшін зертханалық жануарлар ретінде алтын аламандарды пайдалануға болады, оларға 5 - 10 плероцеркоидтан жегізеді.

6.6.4.2 Цестодтар жұмыртқалары зертханалық жануарлар нәжістерінде Diphyllobothrium latum және Diphyllobothrium luxi (D. klebanovskii) үшін 2-3 аптадан кейін, Diphyllobothrium dendriticum үшін 1-2 аптадан кейін байқалады. Алтын аламандардың Spirometra erinacei-europaei спарганумдарымен зақымдануы жағдайда олар дернәсілдік кезеңде қалады және жұмыртқалары байқалмайды.

6.6.4.3 Жануарларды жарған кезде р. Diphyllobothrium ересек таспалары ашы ішекте байқала алады, спарганум спирометрлер – дене қуысында, ішкі органдарда, тері асты жасушаларында, бұлшық еттерде байқала алады. Ересек спирометрлерді алу үшін ит немеес мысықты зақымдау керек болады. Бұл жағдайда гельминт жұмыртқаларын иттерде 12-15 күннен кейін және мысықтарда 10-14 күннен кейін байқауға болады.

6.6.5 Трематодтар.

6.6.5.1 Opisthorchisfelineus.Metorchisbilis, Clonorchissinensis, Nanophyetussalmincola сары аламандарда өседі. Дифференциалды диагностикалауде күмәнді жағдайларда Opisthorchisfelineus және Pseudamphistomumtruncatum арасында жас мысық балаларын зақымдайды, себебі Pseudamphistomumtruncatum аламандарда өсе қоймайды. Metagonimusyokogawai, Metagonimuskatsuradai, Rossicotremadonicum, Apophallusmuehlingi да тек мысық балалары мен үй итінің күшіктерінде ғана өседі. Парагонимоз

қоздырғыштарымен зақымдау үшін жиі зертханалық тышқандар мен егеуқұйрықтар пайдаланылады.

6.6.5.2 Жануарлардың метацеркарийлермен зақымдануының екі негізгі тәсілі бар.

Біріншісі – балықтың (немесе шаян тәрізділердің) бұлшық ет тінінде болатын дернәсілдермен зақымдану. Ол үшін балықты сығымдағыш тәсілмен (4.4.9.3) зерттейді, цисталардың орналасқан орнын белгілейді және МБС микроскопына қарап (ұлғаю: окуляр 8×, объектив 2×), жоғарғы шынысын бір жағына жылжытады және операциялық инелермен метацеркарийлермен бірге тіндердің кесектерін іріктеп алады (олардың бүлдіріп алмауға тырысып). 30 дернәсіл жинап алады және оларды тәжірибедегі жануарларға береді (салмағы 40-70 г сары аламандар, еметін мысықтың балалары мен күшіктерге, салмағы 70-90 г дейін болатын ақ егеуқұйрықтарға, салмағы 18-25 г болатын ақ тышқандарға береді).

Екінші тәсіл жасанды асқазан сөлінде (4.4.9.4-т қараңыз) балықты (немесе шаян тәрізділерді) қорыту нәтижесінде алынған дернәсілдерді ауыз арқылы енгізуден тұрады.

Метацеркарийді физиологиялық ерітіндіде жуады, есептейді және жануарлар асқазанына арнайы канюлялы шприц көмегімен енгізеді. Описторхидтерді бір жануарға 50 дернәсіл санында, парагонимидтерді – бір жануарға 20 данасы санында енгізеді.

6.6.5.3 Opisthorchis felineus, Pseudamphistomum truncatum жұмыртқаларын бөліп алу. Metorchis bilis, Clonorchis sinensis зақымданғаннан кейін 20 – 25 дейінгі тәулікте басталады. Зақымданғаннан кейін 3-5 аптадан соң жануарларды операциямен ашқан кезде ересек трематодтарды бауырдың өт жолдарында, өтте және көк бауырда табылады.

6.6.5.4 Metagonimus yokogawai, Metagonimus katsuradai, Nanophyetus salmincola, Rossicotrema donicum, Apophallus muehlingi жұмыртқаларын бөліп алу зақымданнан кейін 11-16 тәулікте басталады. Жануарларды ашқан кезде гельминттерді ашы ішекте байқайды.

6.6.5.5 Метацеркарий арагонимидтермен зақымданғаннан кейін жануарларды ашуды 40-60 күнде жасайды. Бірінші кезде өкпелерін тексереді. Содан кейін ларвальді парагонимоз немесе бөлекше шоғырланумен парагонимоз орын алған жағдайда дернәсілдер байқалуы мүмкін барлық органдар мен тіндерді жүйелі зерттейді.

6.6.6. Нематодтар. Зертхана жануарларына (дұрысы мысық балалары мен күшіктер) 20-25 данаға дейін санда дернәсілдері бар балық кесінділерін береді (немесе қысқышы көмегімен енгізеді. 3-6 күннен кейін асқазандары мен ішектерін гельминтологиялық зерттеумен жануарларды өлтіреді.

7 Паразиттерді бекіту және сақтау әдістері

7.1 Реактивтер, материалдар мен жабдық:

Реактивтер мен материалдар:

- этил спирті ГОСТ 5962 бойынша (70 %-лік спиртті алу үшін 100 мл 96 %-дық спиртке 37 мл су қосады, ал 80 %-дық үшін - 20 мл су қосады);
- формалин (формальдегидтің 40%-дық ерітіндісі) ГОСТ 1625 бойынша;
- физиологиялық ерітінді немесе Рингер ерітіндісі (хлорлы натрий - 0,65 г ГОСТ 4233 бойынша, хлорлы калий - 0,025 г ГОСТ 4568 бойынша, натрий карбонаты - 0,02 г, қос хлорлы кальций - 0,03 г ГОСТ 450 бойынша, бидистилденген су - 100 мл. Тұздарды көрсетілген тәртіппен ерітеді, қайнатуға болмайды);
- дистилденген су ГОСТ 6709 бойынша;
- заттық шыны ГОСТ 9284 бойынша;
- үлкен заттық шынылар ((6 – 8) х (12 – 15) см, қалыңдығы 2 - 4 мм ГОСТ 9284 бойынша;
- Петри тостақтары ГОСТ 25336 бойынша;
- сынауықтар ГОСТ 25336 бойынша;

- дәлдіктің арнайы класындағы рұқсат етілетін абсолют кінәраттың ГОСТ 24104 бойынша ± 0,0001 г ең жоғары шегімен аналитикалық таразы;

- рұқсат етілетін ± 0,01 г абсолют кінәраттың ең жоғары шегімен ГОСТ 24104 бойынша дәлдіктің жоғары класындағы зертханалық таразы;

- қолданыстағы нормативтік құжаттама немесе өндіруші құжаттамасы бойынша металл, шыны, ағаш қалақтар;

- түрлі өлшеуіш шыны құйғылар ГОСТ 25336 бойынша;

- өлшеуіш цилиндрлер 5; 25; 100 $см^3$ ГОСТ 1770 бойынша;

- өлшеуіш құтылар 5; 10; 50; 100; 250 $см^3$ ГОСТ 1770 бойынша;

- реактивтер сақтауға арналған тығынды шыны банкалар (0,1, 0,25, 0,5 л);

- өлшеуіш тамшуырлар 1; 5; 10 $см^3$ ГОСТ 20292 бойынша;

- қолданыстағы нормативтік құжаттама немесе өндіруші құжаттамасы бойынша резеңке бүріккіштер;

- түрлі өлшеуіш шынышақшалар ГОСТ 25336 бойынша;

- қолданыстағы нормативтік құжаттама немесе өндіруші құжаттамасы бойынша пенициллин шишалары;

- қандауырлар ГОСТ 21241 бойынша;

- қолданыстағы нормативтік құжаттама немесе өндіруші құжаттамасы бойынша түрлі қалыңдықты операциялық инелер;

- сүзгіш қағаз ГОСТ 12026;

- спирт шамы ГОСТ 25336 бойынша;

- суға арналған спирттік термометр ГОСТ 28498 бойынша А түрдегі температуралар ауқымы 0 °С-100 °С дейін рұқсат етілетін кінәрат шектері ± 0,2;

- медициналық дәке ГОСТ 9412 бойынша;

- медициналық мақта ГОСТ 5556 бойынша;

- МБС тұрпатты бинокулярлық микроскоп;

- ұлғайтқыш әйнек ГОСТ 25706 бойынша.

Жабдық:

- қолданыстағы нормативтік құжаттама немесе өндіруші құжаттамасы бойынша кез келген маркалы бинокулярға арналған жарық түсіргіш.

7.2. Белгілеу үшін гельминттердің тірі дернәсілдері алынуға тиіс Паразиттерді белгілер алдында оларды қоршаған тіндерден ақырын ажыратып алу керек (метацеркарий трематод және нематодтардың ұсақ дернәсілдерін жасанды асқазан сөлінде қорыту әдісінің көмегімен алған дұрыс – 4.4.9.4). Дернәсілдерді қан, шырыш және басқа да ластардан ажырату үшін белгілер сұйықтығына батырар алдында, сондай-ақ оларды тіктеу қажеттігі жағдайда цестод пен сауытбас құрттардың дернәсілдерін суға, ал трематода мен жұмырбас құрттардың дернәсілдерін физиологиялық ерітіндіге немесе Рингер ерітіндісіне 15-30 минутқа орналастыру керек болады.

7.3. Бекіткіш көлемі бекітілетін материал көлемінен 20-40 есе асуға тиіс.

7.4. Цестод, траматод, сауытбас құрттар мен жүйелі тиесілікке белгіленбеген паразиттер дернәсілдерін 70 %-дық спиртте белгілейді. Аса сақтықпен, бірақ шыныдар арасында құрттарды жеткілікті қатты басуды қолданып 80 % күштілікті спиртті тамшуырмен тамызады. Бекіткіш сұйықтық артығын тамшуырға қарсы жағынан сүзгіш қағазды қайырады. 15-20 минут ұстайды. Содан кейін шыныны ақырын көтереді және дернәсілді 70 %-дық спиртке ауыстырады.

Спиртте, формалинде және басқа бекіткіштерде бекітілген метацеркарии трематодтар бастапқы құрылымын назар сақтайды және түріне дейін анықтала алмайды. Метацеркарий трематодтардың бұлшық ет тіндерінен алынған тілімшелерді 7-10 күн бойына 1 °С - 4 °С температурасы жағдайында сақтау рұқсат етіледі.

7.5. Дөңгелек құрттардың дернәсілдерін Барбагалло (физиологиялық ерітіндіде формалиннің 4 %-дық ерітіндісі) сұйықтығында бекітіп сақтау ұсынылады. Дернәсіл денесі бекіткен кезде бұралмайтындай, ыстық (70 °С-қа дейін) Барбагалло сұйықтығымен бекіту ұсынылады.

7.6. Паразиттерді тығыз мақта тығындамасымен жабылған бекіткішпен сынауықта сақтайды. Сынауықтарды осындай бекіткіш толтырылған тығыны бар банкаға салады. Сынауық ішіне жазуы шыныға қаратылып Т, 2Т (немесе реактивтерде ерімейтін кез келген басқа құралмен) қарындашымен жазылған затбелгі салынады. Затбелгіде паразит түрі, журнал бойынша зерттеулер №, күні, одан паразиттер бөлініп алынған балық (балық өнімінің) түрі , ауланған орны (немесе өндіруші кәсіпорын) көрсетіледі.

Шағын гельминттерді полиэтилен тығынды пенициллин құтысында бекіткіште ұзақ сақтау жеткілікті болады.

8 Балық өнімдерін зерттеу нәтижелерін тіркеу

8.1. Зерттеулер нәтижелері зертханалық журналған енгізілуге тиіс. Әр ашылудың хаттамасында мынадай мәліметтер белгіленеді:

- ашу (немесе үлгі) нөмірі;
- күні (жеткізу және зерттеу);
- балықты, моллюскті, шаян тәрізділарді және т.б. аулау орны: әкімшілік аумақ (нақты биотип), су айдыны (мұхит, теңіз, өзен және т.с.с. мен аулаудың нақты орны) немесе өнімді дайындау орны (дайындаушы кәсіпорын);
- сынамалар іріктеу орны (фирма, кәсіпорын);
- өнімді жеткізген ұйым, бағыт №,
- зерттелетін дананың түрлі (тектік) атауы;
- балық өнімінің түрі (жас, мұздатылған, жон ет, фарш, консервілер және т.б.);
- сынама көлемі мен салмағы (жасы) және саны;
- зерттелетін дананың реттік нөмірі;
- паразитологиялық зерттеу әдістері;
- байқалған дернәсілдер түрі және олардың саны;
- дернәсілдердің шоғырлану орны (органдар мен тіндер);
- дернәсілдердің өміршеңдігі.

8.2. Даналардың қажетті санына (салмағына) зерттеулер жүргізілгеннен кейін мына көрсеткіштер тіркеледі:

- зақымдану немесе инвазия экстенсивтілігі – пайызда көрсетілген, сынамада балықтың (өнімнің) зақымданған саны;
- инвазия қарқындылығы – қарқындылық ауқымы – бір зақымданған тек немесе балық өнімінде паразиттердің ең төменгі және ең жоғарғы саны;
- инвазияның орташа қарқындылығы – бір зақымданған балыққа (балық өніміне) орташа келетін дернәсілдер саны;
- көптілік индексі – осы түрдегі бір балыққа немесе балық өніміне (зақымдалған ғана емес) орташа келетін паразиттер саны; зерттелген балықтардың санына осы түрдегі айқындалған дернәсілдердің жалпы санын бөлу жолымен есептеледі; 1 кг массаға паразиттердің орташа саны (іріктемеде паразитердің жалпы санын іріктеменің жалпы салмағына бөлумен табылады).

Тексеру кезінде айқындалған паразиттерді есептеуді жеңілдету үшін әр түрдің зақымдану саны (қарқындылығы) 1-кестеде көрсетілген жұмысшы кесте түрінде жазылады.

Оң жақтағы тіке бағана сандарын екі алдындағы бағаналардың тиісті көлденең қатарының сандарын көбейтумен алынады. Іріктеменің жалпы салмағы да жазылады:

біздің мысал үшін 30 кг қабылдаймыз. Жасалған жазбалардан мынадай көрсеткіштер анықталады. Инвазия экстенсивтілігі: (15:32 х 100) = 46,9 %. Қарқындылық амплитудасы: 0 – 23 дейін. Көптік индексі: (67:32) = 2,1 паразит. 1 кг массаға паразиттердің орташа саны: (67:30) = 2,2. Соңғы көрсеткіштерді адам денсаулығы үшін қауіп тудырмайтын паразиттерді анықтау кезінде айқындайды және оны «1 кг массаға паразиттердің рұқсат етілетін орташа санымен» салыстырады (К).

1-кесте – жұмыс кестені толтыру мысалы

Балықта (кесекте) паразиттер саны	Тиісті паразиттер санын қамтитын балықтар (кесектер) саны	Бірдей зақымданған балықтарда паразиттердің жалпы саны
0	17 – зақымданбаған балық саны	0
1	6	6
2	4	8
3	1	3
5	2	10
17	1	17
23	1	23
	Барлығы зерттелген балық (кесек) - 32	Іріктемеде паразиттердің жалпы саны - 67

9 Қауіпсіздік талаптары

9.1 Препараттар дайындайтын орын-жайлар, қажет жағдайда, ГОСТ 12.4.021 бойынша механикалық жалпы алмасымды әкелу-әкету желдеткішімен және жергілікті сорғылармен жарақталуға тиіс.

9.2 Зерттеулермен айналысатын персонал ГОСТ 12.4.064 бойынша арнайы киіммен және ГОСТ 12.4.011 бойынша жеке қорғаныс құралдарымен, ГОСТ 12.4.028 бойынша «Лепесток» ШБ-1 тұрпатты сүзгіш тұмылдырықтармен, ГОСТ 5007 бойынша қолғаппен, ГОСТ 12.4.013 бойынша қорғаныс көзілдіріктерімен қамтамасыз етілуге тиіс.

9.3 Препараттар дайындайтын үймаратта ауыз су және алғашқы дәрігерлік көмек көрсетуге арналған дәрі-дәрмектер салынған дәрі қобдишасы болуға тиіс

9.4 Зиянды заттектермен жұмыс істейтін және қауіпті өндірістік факторлар әсері астында болатын персонал [3] сәйкес алдын ала және кезеңді медикалық байқаудан, ГОСТ 12.0.004 бойынша қауіпсіздік техникасы бойынша арнайы нұсқаулықтан өтуі және оқуға тиіс.

Жұмысқа 18 жасқа толған тұлғалар қатыстырылады.

9.5 Қалдықтарды кәдеге жарату мен жою [4] және [5] қоршаған ортаны қорғау саласындағы қолданыстағы заңнамаға сәйкес, санитарлық-гигиеналық талаптарды сақтай отырып санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау органдарының бақылауымен жүзеге асырылады.

А қосымшасы
(ақпараттық)

Адам денсаулығы үшін қауіпті Diphyllobothriidae текті плероцеркоидтардың дифференциалдық нышандары

А.1 кестесі

Гельминт түрі	Географиялық таралуы	Қосымша иелері (балықтар, қосмекенділер, бауырымен жорғалаушылар)	Иесінің денесінде шоғырлануы	Капсулалар болуы не болмауы	плероцеркоид құрылымы мен өлшемдері
Diphyllobothrium latum (Кең таспа)	Еуразия солтүстігі теңіздерінің тұщы су қоймалары мен тұщыланған телімдері (РФ, Латвия, Литва, Эстония, Финляндия, Дания, Швеция, Польша, Швейцария), Солтүстік Италия және Америка (АҚШ, Канада); Еділ, Дунай, Днепр, Сібір өзендерінің бассейндері	Шортан, нәлім, алабұға кәдімгі, таутан, сом, көксерке кәдімгі, таутан, сары алабұға, ашық қабыршақты және канадалық көксерке	Дене қуысы, уылдырық, ішкі органдар, бұлшық еттер	Капсуласыз	Ұзындығы бірнеше мм-ден 7 см-ге дейін ақ-сүт түсті дернәсілдер. Денесі мен кесікте сәулелік микроскоп астында байқалатын қылшық-тар жоқ. Дернәсіл денесінде суда босаңсығаннан кейін де сақталатын терең буылтықтар болуы тән. Сколекс екі саңылау тәрізді ботриялармен тартылған

А.1 кестесінің жалғасы

Гельминт түрі	Географиялық таралуы	Қосымша иелері (балықтар, қосмекенділер, бауырымен жорғалаушылар)	Иесінің денесінде шоғырлануы	Капсулалар болуы не болмауы	плероцеркоид құрылымы мен өлшемдері
D. dendriticum (шағалалық таспа)	Еуропа солтүстігінің тұщы су айдындары (РФ, Литва, Латвия, Эстония, Финляндия, Норвегия, Швеция, Польша, Германия, Ирландия, Ұлыбритания) және Америка (Канада, АҚШ); Сібір (РФ), Қиыр Шығыс (Сахалин) тұщы су айдындары, Ыстықкөл көлі	Пелядь, түрке, албырт, голец, ақсерке, арқан балық (Кларк, болат басты), муксун, чир, қара ауызы (сібір және еуропалық), тугун, кумжа, таймень, майқан, ала балық сібірлік және солтүстік американдық, кәдімгі және американдық палия, кижуч, корюшка, османдар (алтайлық, жалаңаш), нәлім, кең дәубас (үлкен басты, семіз, аузы үлкен)	Өңеш пен асқазан қабырғалары мен қабырға еттерінде, сирек басқа органдар мен бұлшық ет тіндерінде	Диаметрі 2,2- 11 мм капсулаларда. Уылдырықта жинақталған жағдайда әдетте капсуласыз. Кейбір түрлерде (мысалы, сібір ала балығы) капсулада дернәсілдермен бірге дене қуысында бос жатқан плероцеркоидтер кездеседі	Дернәсілдер ашық қоңыр түсті. Ұзындығы 1 - 10 см дейін барынша үлкені 20 см. Суда босағаннан кейін буылтықтық әлсіз байқалады. Сколекс денеден нақты шектелген. Ол ішке тартылған немесе жартылай тартылған, бұл жағдайда оның айналасында дене телімдері «иықтар» түзеді. Ботридиалды жапырақшалар шеттері фестон түрде болып келеді. Босаңсыған дернәсілдерде сколекс сопақжаңғақ түріне ие болады, ботридиалды саңылаулары кең ашылады. Денесі ұзындығы 7 - 11 мкм қылшықтармен жабылған олар сколексте онша байқалмайды

А.1 кестесінің жалғасы

Гельминт түрі	Географиялық таралуы	Қосымша иелері (балықтар, қосмекенділер, бауырымен жорғалаушылар)	Иесінің денесінде шоғырлануы	Капсулалар болуы не болмауы	плероцеркоид құрылымы мен өлшемдері
D. luxi (D. klebanovskii) (Қиыр шығыстық таспа)	Қ. Шығыс, Чукотка, Тынық мұхит теңізі мен оған кіретін өзен бассейндері, ареал шекарасында қосымша гельминт иелері, Батыс охот теңізінің солтүстік бөлігінен басқасы. Э. luxi ареалы D. Latum ареалымен қиылыспайды	Кета, құныс, сима, кунджа, сахалин таймені	Барлық дорсальді бұлшық ет	Мөлдір қабырғалы сопақ капсулалар ((4-6)х(2-5) мм). Ерте жүрісті құныс бұлшық етінде және симада дернәсілдер капсуласыз жатады немесе капсула бұзылуының түрлі кезеңінде болады	Плероцеркоидтер морфологиялық тұрғыдан D. Latum дернәсілдерімен ұқсас, бірақ оларға қарағанда капсуласы бұзылған. Айнала бездер тесіктері сколекс пен дернәсіл денесінде орналасады
D. dhremum	Еуропа, Азия және Америка солтүстігінің тұзы су айдындары (оңтүстікке 40°- 50° с. ш. дейін)	Ақсерке, бахтах, арктикалық голец, американдық палия, ряпушка (сібір, еуропалық), түрке, албырт кәдімгі, пелядь, тугун, қара ауызы (сібір, еуропалық), корюшка (еуропалық, тісті), нәлім, колюшки (үш инелі және тоғыз инелі)	Ас жұру жолдарының күңгірт жабындары (өңеш, асқазан, пилорикалық желбезектер), сирек басқа ішкі органдар	капсулада	ақ түсті плероцеркоидтар, ұзындығы 6- 12 мм, суда босаңсу және өлгеннен кейін дене біртегіс созылған, буылтықсыз таяқ тәрізді, сколекс денеден шектелген. Дене мен сколекс 0,01 - 0,03 мм дейін ұзындықты қылшық басқан. Суда 10 минут қана тірі болады

А.1 кестесінің жалғасы

Гельминт түрі	Географиялық таралуы	Қосымша иелері (балықтар, қосмекенділер, бауырымен жорғалаушылар)	Иесінің денесінде шоғырлануы	Капсулалар болуы не болмауы	плероцеркоид құрылымы мен өлшемдері
Pyramicocephalus phocarum	Әлем мұхитының субарктикалық және арктикалық аймағы	нәлім (нәлім, минтай, сайка, навага, пикша); скорпендік (алабұға-клювач); айырбас (айырбас, керчак), пинагорлық (пинагор); камбала (камбала таутан, камбала-таутан, теңіз камбаласы), палтус	Дене қуысы мен ішкі органдар қабаты (бауыр, асқазанның шылауы); минтай мен навагада қаңқа бұлшық етінде кездеседі	Капсуласыз	Морфологиялық р. Diphyllobothrium дернәсілдерге ұқсас. Дене ұзындығы 8- 25 мм, 40 мм дейін, ені 1-3 мм. Денесі буылтық. Сколекс салыстырмалы үлкен, түйреуіш және сабақ нысанды (сколекс өлшемдері (2х1) мм)
Spirometra erinacei-europaei	Еуропа және Азия. РФ жиі Еділ, Приморье, Сахалинде кездеседі	Қос мекенділер (көл бақасы, тоғандық); Бауырымен жорғалаушылар (су сарыбас жыланы, кәдімгі сарыбас жылан, сарыбауыр усыз қара жылан)	Көлбақада – бұлшық етінде (жиі бөкседе), дене қуысында, ішек ілмектері арасында, ішкі органдарда. Жыландарда теріс асты жасушада, дене қуысында, бұлшық етінде, бұлшық етінің біріктіру тінінде	капсуласыз, жыландарда жұқа капсулада ішекте немесе тері астында	Дернәсілдер сүттей ақ түсті. Ұзындығы 5 мм - 30 см дейін және жоғары, дернәсілдің мөлшері мен қысқару дәрежесіне қарай. Иесінен ажыратылған плероцеркоид денесінде қысқару тораптарының болуымен сипатталады,

А.1 кестесінің жалғасы

Гельминт түрі	Географиялық таралуы	Қосымша иелері (балықтар, қосмекенділер, бауырымен жорғалаушылар)	Иесінің денесінде шоғырлануы	Капсулалар болуы не болмауы	плероцеркоид құрылымы мен өлшемдері
					дененің босаған телімдерімен ауысады. Қысқартылған телімдерінде денесі кең және жалпақ, терең көлденең буылтықтарымен, босаған телімдерінде-тар және буылтықтығы жоқ. Дененің алдыңғы шеті басқа телімге қарағанда қатты қысқарған. Сколекс шағын, денеден босамаған, ішіне тартылған және бір жаққа қаратылған. Ботриялар басқа дифиллоботриидтерге қарағанда қысқаша (0,2 - 0,4 мм дейін)

Б қосымшасы
(ақпараттық)

Адам денсаулығы үшін қауіпті Opisthordidae, Heterophyidae, Nanophyetidae және Echinostomatidae текті трематодтар метацеркарийлерінің дифференциалдық нышандары

Б.1 кестесі

Гельминт түрі	Географиялық таралуы	Қосымша иесі-балық түрлері	Балық денесінде шоғырлану	Циста өлшемі (мм) және сипаттамасы	экскреторлық қуық сипаты	Дернәсілдер қалпы мен жылжуы	Цисттан босаған дернәсіл құрылымы мен өлшемі (мм)
Opisthorchis felineus	Еуропаның тұщы су айдындары; бассейны рек Обь, Ертіс, Енисей өзенінің бассейндері, Қазақстан өзендері: Ойыл, Сары-Су, Байқоңыр, Ойыл-Жыланшық, Ырғыз, Торғай, Нұра, Шідерті бассейндері, Қорғалжын көлі	Аққайран, тарғақ, оңғақ, қызылқанат, торта, верховка, құсбас, тыран, қылышбалық, көкшеу, кәдімгі және Чекановск тұлмасы, подуст, айнакөз, уклея, балпанбалық, теңге балық, щиповка, ақмарқа	Бұлшық етінің жоғарғы қабаты (2-4 мм) және арқа жағында теріс асты жасушасы, сирек жүзбеқанатта, желбезекте, қабыршақта	(0,17-0,25)х(0,21-0,33) сопақ, сирек дөңгелек. Қабығы екі қабатты, жұқа, мөлдір. Ішкі барлық айналасы бойына сыртына біртегіс жымдасады	Ірі дененің 1/3 бөлігіне дейін. Өтетін сәуле шоғырында үлкен күңгірт дақ түрінде	Метацеркарий цистта бүгілген қалыпта жатады, ол дернәсілдің тұрақты қатты қозғалуынан өзгеріп отырады	(0,44-1,36)х(0,15-0,30). РП - (0,07-0,1); БП – (0,09-0,14). Дернәсіл денесі пигментсіз, БП деңгейіне дейін қылшықпен жабылған. Өңеші ұзын (фаринкстен 2 есе ұзын). Ішек таралуы дененің алдыңғы шетінен және БП дейін тең қашықтықта жатады. Тұқымдық бастары бір біріне экскреторлық қуық шеттері бойынша көлбеу жатыр

Б.1 кестесінің жалғасы

Гельминт түрі	Географиялық таралуы	Қосымша иесі-балық түрлері	Балық денесінде шоғырлану	Циста өлшемі (мм) және сипаттамасы	экскреторлық қуық сипаты	Дернәсілдер қалпы мен жылжуы	Цисттан босаған дернәсіл құрылымы мен өлшемі (мм)
Metorchls bills	Калининград және Москва облыстарының, Украина, Қазақстанның Батыс сібірі, Солтүстік Кавказ, Еділ бассейндерінің тұщы су айдындары		Бұлшық ет тінінің жоғарғы қабаты (2 - 4 мм) және арқа тұсында теріс асты жасушасы	(0,12-,16)х(0,19-0,22) сопақ. Қабығы жұқа қабатты екі қабырғалы. Циста қабықтары арасында аралықтар байқалады	Дененің артқы бөлігі көлемінің ¼ дейін, қара дөңгелек	Қозғалуы баяу	(0,27-0,33)х(0,05-0,1). РП=БП-0,05, дене ортасына қарай бірнеше артқа орналасқан. Дене дақсыз. БП артқы шетінің деңгейіне дейін үш бұрыш нысанды қылшықтар жабылған. Өңеші өте қысқа
Pseudamphistomum truncatum	Ресей, Поволжье, Қазақстанның, Батыс сібірдің орта белдеуінің тұщы су айдындары. Қара теңізге құятын өзен бассейндері	Аққайран, торта, балпанбалық, тыран, оңғақ, қызылқанат, қаракөз балық, көкшеу		(0,39-,45)х(0,40-0,54). Дөңгелек немесе аздап сопақ. Қабығы жұқа, мөлдір, екі қабатты. Қабаттар біртегіс бір біріне жымдасады	Ірі қара дөңгелек, бұршақ тәрізді, дененің 1/3 артығын алмайды	Метацеркарий дененің орта бөлігінде вентральды қалыпта орналасқан, цистте бос жатады. Қозғалуы сирек	(1,28-1,54)х(0,34-0,40). БП, әдетте РП ірірек. Дене қылшықтармен жабылған, дененің артқы бөлігіне аздап жетпейді. Өңеші фаринкс ұзындығына ұқсас келіп қысқа болады

Б.1 кестесінің жалғасы

Гельминт түрі	Географиялық таралуы	Қосымша иесі-балық түрлері	Балық денесінде шоғырлану	Циста өлшемі (мм) және сипаттамасы	экскреторлық қуық сипаты	Дернәсілдер қалпы мен жылжуы	Цисттан босаған дернәсіл құрылымы мен өлшемі (мм)
							Ішек тарамдалуы O. Felineus қарағанда жоғары жатыр, РП жақынырақ. Тұқымдық бастаулары бір деңгейде жатыр
Clonorchis sinensis	Қиыр Шығыс елдерінің (Жапония, Қытай, Вьетнам) оңтүстік-шығыс және орталық аудандарының тұщы су айдындары. Ресейде Амур мен Үстірт бассейндері	Карптық қытайлық ихтиокешенінің (70 тен астам түрі); кәріс косатки, жапондық оризия, риногобиус, элеотрис, тиляпия, шағын ауызды корюшка, сельдьилиша, жыланбас		(0,13-0,15)х(0,15-0,18) шар түрлі нысанды. Қабығы екі қабатты, ішкісі біртегіс сыртқыға жымдасады	Қара, алмұрт тәрізді, дененің ¼ бөлігіне дейін. Тығыз орналасқан түйіршіктермен толтырылған (10 мк дейін)	Қозғалысы әлсіз	(0,3-0,4)х(0,12-0,14) РП - 0,05, БП - 0,06. Денесі сары-қоңыр дақты. Қылшықтары бүкіл денесі бойына, ең артқы жағы жалаңаш. Өңеші ұзын жұтқыншақ пен БП алдыңғы шеті арасында орта қашықтық деңгейінде тарамдалады. Дене шеттері бойына 14 сенсорлық түйіндер, РП айналасында 12

Б.1 кестесінің жалғасы

Гельминт түрі	Географиялық таралуы	Қосымша иесі-балық түрлері	Балық денесінде шоғырлану	Циста өлшемі (мм) және сипаттамасы	экскреторлық қуық сипаты	Дернәсілдер қалпы мен жылжуы	Цисттан босаған дернәсіл құрылымы мен өлшемі (мм)
							БП айналасында 9 түйін бар
Apophallus muehlingi	Балтық, Қара және Каспий теңіздерінің бассейндері, Карпат және Закарпатья өзендері	Тұқы, алабұға; шортан, көксерке	Жүзбеқанат тіндері, желбезектер	(0,20-,29)х(0,14-0,20), эллипс немесе шар нысанды. Кішкентай қара нүктелер түрінде пигментті	Y-тектес нысанды, артқы шеті S-тектес иілген		(0,50-0,58)х(0,10-0,12). Өңеші дене ұзындығының жартысына дейін жетеді Жиектері кішкентай қысқыш-қабыршақтармен жабылған. Тұқым негіздері бөлу қуығының шеттері бойынша бір біріне көлбеу жатыр
Rossicotrema donicum	Қара теңізге құятын өзендер, Азов теңізінің, Еділ ойпатының лиманыдары, Тиса өзені	Алабұға, атерин, сирек тұқы	Жүзбеқанат пен құйрық тіндері, сирек тері асты жасушасы мен бұлшық еттерде	(0,26-0,34)х 0,20-0,23), эллипс нысанды. Қабығы екі қабатты, қара дақты сақинамен қоршалған	Y-тектес нысанды		(0,49-0,53)х(0,13-0,15). РП - 0,035-0,045. РП-дан БП кем. Өңеш 0,05-0,10 (дене ұзындығынан ¼ артық емес). Тұқым негіздері дөңгелек, диаметрі 0,04, тым бір деңгейде

Б.1 кестесінің жалғасы

Гельминт түрі	Географиялық таралуы	Қосымша иесі-балық түрлері	Балық денесінде шоғырлану	Циста өлшемі (мм) және сипаттамасы	экскреторлық қуық сипаты	Дернәсілдер қалпы мен жылжуы	Цисттан босаған дернәсіл құрылымы мен өлшемі (мм)
							Бөлу қуығының бүйірлері бойынша бір біріне көлбеу
Metagonimus yokogawai, M. katsuradai	Қиыр Шығыс елдерінің (Жапония, Корея, РФ) тұщы су айдындары; Карпат, Карпат маңы және Қара мен каспий теңізіне құятын өзендер	7 текті балықтардың 60 тан астам түрлері (тұқы, сом, алабұға, арқан балық, албырт, қара ауызды, шортан)	Қабыршақта, сирек жүзбеқанат, желбезекте, тері асты біріктіру тіндері, бұлшық еттерде	0,15-0,22 шар немесе сопақ нысанды, Қабаты екі қабатталған	V-тектес немесе қапшық түрлі, қара, түйіршіктері күңгірт-қошқыл ұсақ	Қозғалуы белсенді	(0,32-0,40)х(0,09-0,1). РП - 0,05, БП - 0,04. Дернәсілдер жапырақ немесе тіл нысанды. Денесінің алдыңғы бөлігінің бетінде қабыршақ тәрізді түзілім-қылшақтар бар. Өңеші ұзын, 0,18 мм. Жыныстық синусы дененің ортаңғы сызығынан бір жаққа жылжытылған
Cryptocotyle lingua	Балтық және Баренц теңізі, Солтүстік Атлантика	Нәлім, майшабақ және камбала	Тері асты біріктіру тіні, бұлшық еттер,	(0,8х0,6) сопақ нысанды. Қабығы екі қабатты. Қара дақты сақинамен қоршалған	V-тектес нысанды		0,45-0,48. РП – (0,03х0,04), субтерминалды. БП әлсіз байқалады, артқы дене үштігінде.

Б.1 кестесінің жалғасы

Гельминт түрі	Географиялық таралуы	Қосымша иесі-балық түрлері	Балық денесінде шоғырлану	Циста өлшемі (мм) және сипаттамасы	экскреторлық қуық сипаты	Дернәсілдер қалпы мен жылжуы	Цисттан босаған дернәсіл құрылымы мен өлшемі (мм)
			көздің мүйізгек қабағы				Дернәсіл тіл нысанды. Жиектемесі ұсақ қабыршақтармен жабылған. Жыныстық жабысқағы РП үлкенірек және БП соңғысының шетінде 1 бүртік
Cryptocotyle sp.	Тынық мұхитының Қиыр шығыстық теңіздері, Сахалин аралы, Долгое көлі	Арқан балықтар (құныс, кета, нерка, кижуч, чавыча)	Тері астының біріктіру тіні	0,3-0,4 сопақ. Қара дақты сақинамен қоршалған	V-тектес нысанды		БП аздап РП ірірек, оның артында орналасқан. Дернәсіл тіл нысанына келеді
Heterophyes heterophyes	Палестина, Египет, Тунис, Израиль, Жапония, Үндістанды шайып өтетін теңіздер; өзен эстуарияларымен айдындары	Тікенді балық, ставрида, цихлид, лаврак	Дене бұлшық еттері, жүрек	0,13-0,26 ақ түсті, дөңгелек немесе аздап сопайған. Қалың сыртқы қабық (0,004-0,012) және жұқа ішкі жарғақ	Жүрек тәрізді, дене ұзындығының 1/8 бөлігін алады	Метацер-кария циста оның алдыңғы бөлігі артқы қарын жағын жабатындай бүгілген	(0,21x0,40). РП – (0,03-0,05), БП – (0,03-0,04). 3/4 денесі қабыршақ тәрізді қылдармен қалың жабылған, алдыңғы шеті

Б.1 кестесінің жалғасы

Гельминт түрі	Географиялық таралуы	Қосымша иесі-балық түрлері	Балық денесінде шоғырлану	Циста өлшемі (мм) және сипаттамасы	экскреторлық қуық сипаты	Дернәсілдер қалпы мен жылжуы	Цисттан босаған дернәсіл құрылымы мен өлшемі (мм)
	Сол елдердің тұщы су (оның ішінде тоғандық шаруашылықтар) айдындары						Лорсовентральді жалпайған, арты дөңгелек. Ішек тарамдары дененің артқы шетіне дейін созылады, одан кейін артқы бөлікке қарағанда кең
Nanophyetus salmtincola	Тының мұхитының солтүстік бөлігіне құятын өзендер (АҚШ, Канада, РФ – ортаңғы және төменгі Амур бассейні, Татар бұғазының жағалауы, Сахалин солтүстігінің, Командор аралдарының су айдындары)	Арқан балық (таймень, майқан, құныс, кета, кижуч, чавыча, кумжа, американдық палия, ақ басты арқанбалық, атланттық); қара ауыз, тас үйілі, гольян, амур аққайраны және шортан	Бүйректер, жүзбеқанаттар мен дененің бұлшық еттері, желбезектер, бауыр, ішек қабырғалары	0,21-0,35, дөңгелек (жай көзге көрінетін ақ нүктелер түрінде). Мөлдір қабық және қалың қабатты талшықты біріктіргіш капсула	ірі (0,07-0,10) х (0,23-0,24), күңгірт, мөлдір емес түйіршіктер толтырылған		(0,35-0,65)х(0,18-0,34). РП – (0,07-0,12), БП – (0,07-0,11), метацеркарий ұзындығының ортасында орналасқан. Барлық жиектемесі ұсақ, артқа қайырылған қылшақтармен жабылған. 2 тұқым негіздері дененің артқы жартысында. Ішек тарамдары тұқым бастарына жетеді
Echinochasmus perfoliatus	Төменгі Повольже, Батыс Қазақстан	Шортан, тұқы (айнакөз, таран, оңғақ, сазан,	Желбезектер	(0,05-11)х(0,04-0,098), дөңгелек нысанды	Екі экскреторлық қуыстардан	Қозғалысы әлсіз	0,0116-0,043. РП=БП=0,0258-0,03. дернәсіл

Б.1 кестесінің жалғасы

Гельминт түрі	Географиялық таралуы	Қосымша иесі-балық түрлері	Балық денесінде шоғырлану	Циста өлшемі (мм) және сипаттамасы	экскреторлық қуық сипаты	Дернәсілдер қалпы мен жылжуы	Цисттан босаған дернәсіл құрылымы мен өлшемі (мм)
	Ақтөбе облысы) тұщы су айдындары; бассейны Зап. Двины, Днепра, Березины, Сожа, Припяти	аққайран, көкшеу, торта, қаракөз балық, карась, тыран, уклея, ақмарқа және т.б.), таутан, көксерке, алабұға, вьюн, сом	(желбезек жапырақшаларының негізінде)	Қабығы икемді мөлдір. 0,002-0,003	бұралмалы тар		денесі кең дөңгелекті. РП адоралды дискпен қоршалған, оның ені дене енінен кем. Ондағы сәуле ауыстыратын ірі қылшақтар 24 қабыршақтан тұратын үзілмелі қатарымен дорсальді орналасқан

В қосымшасы
(ақпараттық)

Адам денсаулығы үшін қауіпті Paragonimidae текті трематодтар метацеркарийлерінің дифференциалдық нышандары

В.1 кестесі

Гельминт түрі	Географиялық таралуы	Екінші қосымша иелері – тұщы су шаян тәрізділерінің түрлері	цист өлшемі мен нысаны (мм)	Цисттен босаған дернәсіл құрылымы мен өлшемі (мм)
Paragonimus westermani westermani	Үндістан, Шри Ланка, Таиланд, Малайзия, Индонезия, ҚХР, Жапония, Ресей (Хабаровск қиырының, Оңтүстік Приморьенің оңтүстік және орталық аудандары)	р. Parathelphysa, Candidopotamon, Potamon және т.б. таңқы шаяндар, Cambaroides шаяндар	0,259-0,300 дөңгелек, қабығы үш қабатты	(0,8-1,1)х(0,27-0,38). РП – (0,065-0,08)х(0,09-0,1), БП – (0,115-0,14)х(0,0117-0,147) экваториалды орналасқан. Дене беті қылшақтармен қою жабылған. Ішек бағандары үш иілу жасап дене соңына дейін созылып жатады
P. w. ichunensis	ҚХР, Ресей (Хабаровск қиырының, Оңтүстік Приморьенің оңтүстік және орталық аудандары)	Cambaroides schrencki, C. dauricus шаяндары	0,259-0,347 дөңгелек, қабығы үш қабатты	(0,4-0,86)х(0,22-0,15). РП – (0,08-0,09), стилет - 0,017 дейін, БП – (0,10-0,11). Эксцистирленген метацеркария өте қозғалмалы. Барлық беті жалғыз жеке қабыршақтармен қою қабылған
P. w.fuipinus	Филиппин	Sundathelpnysa picta, S. phitippina таңқы шаяндар	0,295 х 0,278, қабығы екі қабатты	(0,4320,624)х(0,192-0,269). РП – (0,074х0,079), стилет (0,012-0,019). БП – (0,079-0,096) х(0,084-0,101)
P. hetero-tremus	Таиланд, ҚХР, Лаос	Potamin, Potamon таңқы шаяндар	(0,274х0,319) х(0,217-0,251), қабық	0,34х0,08, РП – (0,04-0,07), стилет пышақ тәрізді

В.1 кестесінің жалғасы

Гельминт түрі	Географиялық таралуы	Екінші қосымша иелері – тұщы су шаян тәрізділерінің түрлері	цист өлшемі мен нысаны (мм)	Цисттен босаған дернәсіл құрылымы мен өлшемі (мм)
			үш қабатты*	БП – (0,05-0,08)х0,06. Ішек тарамдары 2-3 оралым жасап артқа қарай қалыңдайды
P. kellicotti	Солтүстік Америка	Cambaroides, Orconectes шаяндар	(0,381-0,457) х (0,381-0,447), қабық екі қабатты	(0,524-0,866)х (0,209-0,295). РП – (0,06х0,08), стилет (0,09 -0,022), БП – (0,067х0,111). Ішек таяқшалары артқа қарай кеңейіп бифуркацияда тар
P. pulmonalis	Жапония, Тайвань, ҚХР, Корея, мүмкін Ресей (Оңтүстік Приморье)	Eriocher japonicus таңқы шаяндар, Cambaroides similis шаяндар	0,389-0,450 дөңгелек, қабығы үш қабатты	РП БП-ға қарағанда ірірек. Денесі сирек қылшақтармен жабылған. Ішек бағандары әлсіз бұралады
P. skrjabini	ҚХР	Potamon denticulatus, P. yaanensis таңқы шаяндар	0,427-0,436 дөңгелек, қабығы үш қабатты 0,010-0,014	(0,453-1,138)х(0,188-0,533). Ішек бағаналары бұралмалы
P. mexicanus	Перу, Панама, Коста-Рика, Гватемала, Эквадор, Гондурас, Сальвадор, Мексика	p. Potamo-carcinis, Psendo-thel-physa, Pty-chophalius таңқы шаяндар	инцист ирленбейді	
P. uterobilate-ralis	Камерун, Либерия, Нигерия, Гвинея, Габон	p. Libero-nautes, Sudanonautes таңқы шаяндар	Қабығы бір қабатты	

Г қосымшасы
(ақпараттық)

Адам денсаулығы үшін қауіпті Dioctophymidae, Gnathostomatidae, Anisakidae текті жұмырқұрттар дернәсілдерінің дифференциалдық нышандары

Г.1 кестесі

Гельминт түрі	Географиялық таралуы	Аралық не сұйыққоймалық ие рөлін барынша жиі орындайтын жануарлар түрі	Аралық немесе резервуар иесінің денесінде шоғырлану	Дернәсілдер құрылымы мен өлшемі	Дернәсілдің басы мен нерв жүйесінің сипаттамалары	Ас қорыту және бөлу жүйесінің құрылу ерекшеліктері
Dioctophyme renale	Амудария, Вахш өзендерінің бассейні, Арал теңізі	Балықтар: амур қалағы, шортан, ақмарқа, аққайран, қылышбалық, торта, теңге балық түркінстан, арал мұрттысы мен шемая, шалтқы, сом, ергежейлі сом, гамбузия, алабұға Қосмекенділер көл құрбақасы	Балықтарда: ішек пен асқазан қабырғалары, түрлі органдар мен тіндер Құрбақаларда: асқазан қабырғасында, іш, арқа және аяқ қол бұлшық еттерінде	Денесі жіп тәрізді, бас шеті тарылған және тұйық артпен аяқталады, сары немесе солғын қызғылт түсті. Ұзындығы 6,9 - 8,0 мм, ені 0,11 - 0,20 мм. Екі жынысты дернәсілдерде құйрығы симметриялы. Бірігетін капсулаларда	Бас шетінде 12 сезімтал бүртік, 2 шеңберде әрбірінде 6-дан орналасқан (сыртқылары ішіндегі шеңберге қарағанда ірірек). Жүйкелік сақина бас шетіне қарай жылжытылған және одан 0,05 мм алшақ	Ауыз қуысы тар ауыз капсуласына апарады, ол қалың қабырғалы өңешке ұласады, ұзындығы 2,02 - 2,41 мм дейін, ені 0,18 - 0,19 мм. Өңештің ішекке өтуі кезінде үш жақтаулы клапан орналасқан. Ортаңғы ішек бірқатар жасушалар қатарынан тұрады

Г.1 кестесінің жалғасы

Гельминт түрі	Географиялық таралуы	Аралық не сұйыққоймалық ие рөлін барынша жиі орындайтын жануарлар түрі	Аралық немесе резервуар иесінің денесінде шоғырлану	Дернәсілдер құрылымы мен өлшемі	Дернәсілдің басы мен нерв жүйесінің сипаттамалары	Ас қорыту және бөлу жүйесінің құрылу ерекшеліктері
Eustrongylides excisus	Каспий теңізі, Дунай, Днестр, Обь бассейндері	бекіре (бекіре, ақсерке); майшабақ-қаражал, шортан, тұқы (ақмарқа, тыран, қаракөз балық, қызылқанат); сом, алабұға	Дене қуысы, ішек қуысы қабырғасының бұлшық еттері, сирек ішек қабырғалары, бауыр, тұқымдық	Дене екі шетіне тарылады. Дене ұзындығы 8 - 50 мм, ені 0,11 - 0,19 мм. Бас шеті пирамида түрінде, құйрық жағы асимметриялы (еркек дернәсілдерде) және дөңгеленген симметриялы (әйел дернәсілдерде). Капсулада немесе бос	Бас шетінде әрбірінде 6-дан 2 қатар бүртіктер. Сыртқы шеңбер бүртіктері қысқа, негізі жуан, тұйық төбешік түрінде. Жүйке сақинасы бас шетінен 0,09 - 0,11 мм дейін	Ауыз қуысының ұзындығы 0,09 мм, өңеш 2,46- 4,53 мм, артқы ішек 0,13 - 0,56 мм. Өңеш клапаны әлсіз жетілген
Echinochephalus sinensis	Теңіз тропикалық және субтропикалық сулар (Гонконг, оңтүстік Қытай, Цейлон, батыс Авст-ралия)	Екі айырылмалы моллюскалар: кәдімгі және үлкен устрица-лар, пинктада, амусиум бауырымен жорғалаушылар: Логгерхед (басы үлкен теңіз тасбақасы - каретта)	моллюскаларда: гонадукт саңылауында эсникалық эпи-телий зақымдануы, тасбақаларда: асқазаны мен ішектерінде	II кезең дернәсілдері: еркектері – (6,4±0,8) мм; әйелдері – (7,1±1,2) мм; III кезеңде: еркектері – (11,6±1,1) мм; әйелдері – (11,2±0,8) мм. Біріктірілген капсулаларда	II кезең дернәсіл-дерінде конусты бас шеті 6 қатарды бас бүртіктері, III кезеңде – бульбус түрлі қылшақтар-дың 7 қатары (6 кішкентай біріншісінде). Жүйке сақинасы бас шетіне жақындатылған	Өңеш бұлшық ет және безді бөліктен. Бір бөлігенен екіншісіне өту орнында вентралды экскреторлық саңылау ашылады

Г.1 кестесінің жалғасы

Гельминт түрі	Географиялық таралуы	Аралық не сұйыққоймалық ие рөлін барынша жиі орындайтын жануарлар түрі	Аралық немесе резервуар иесінің денесінде шоғырлану	Дернәсілдер құрылымы мен өлшемі	Дернәсілдің басы мен нерв жүйесінің сипаттамалары	Ас қорыту және бөлу жүйесінің құрылу ерекшеліктері
Gnathostoma hispidum	Арал теңізі; Амудария және Вахш өзендері, Еділ өзенінің ойпаты мен жазығы; Қызыл өзен (Солтүстік Вьетнам)	балықтар: тұқы; сом, гамбузия, алабұға, көксерке қос мекенділер: көлбақалар. Бауырымен жорғалаушылар, тұщы су тасбақалары балықтар: жылан бастар	Бұлшық еттер, сирек дене қуысы және ішкі органдар	III кезең дернәсілі, оралған диаметрі 1 мм, капсулада. Дене ұзындығы 1,3- 2,3 мм, ені 0,40 мм. Жиектемесі мөлдір, нақты белгіленген, бүкіл денесінде немесе оның алдыңғы бөлігінде ұсақ қылшықтардың көптеген қатарымен жабылған	Дөңгеленген бас ісігінде 4 қатар әрбірінше 30-40 қылшақтан бар. Оның алдыңғы шетінде үш қалақты еріндер, әрбірінде үш бүртіктен. Нерв сақинасы өңештің ішекке өту шекарасында	Өңештің бұлшық ет және безді бөлікке бөлінуі әлсіз байқалады. Өңеш бойына оның ортасына дейін 4 өңез бездері орналасқан. Экскреторлық саңылау дененің алдыңғы шетінен 0,15 - 0,20 мм алшақтатылған
G. spinigerum	Қиыр Шығыстың (Жапония, Тайланд, қытай, РФ – Амур бассейні) тұщы су айдындары	Бекіре, жыланбалық, сарыбас, сазан, вьюн, амур сомы, қытай алабұғасы; жыланбастар		III кезең дернәсілі, оралған диаметрі 1 мм, капсулада. Дернәсіл денесі ұзындығы 0,01 мм қарапайым үшкір бүртіктердің көлденең қабаттарымен жабылған (200 астам)	Бас жағы 4 қатар қылшақпен жабылған, саны қатарда артқа қарай ұлғая береді (40-тан артық). Нерв сақинасы өңештен өту шекарасында ішекке өтеді	Өңеш екі бөлікке бөлінген. 4 бір ядролы өңеш бездері нақты байқалады. Экскреторлық саңылау бас шетіне жақындатылған

Г.1 кестесінің жалғасы

Гельминт түрі	Географиялық таралуы	Аралық не сұйыққоймалық ие рөлін барынша жиі орындайтын жануарлар түрі	Аралық немесе резервуар иесінің денесінде шоғырлану	Дернәсілдер құрылымы мен өлшемі	Дернәсілдің басы мен нерв жүйесінің сипаттамалары	Ас қорыту және бөлу жүйесінің құрылу ерекшеліктері
Anisakis simplex	Арктика сулары; Тынық және Атлантика мұхиттары, Камчатка, Сахалин, Жапонияның тұщы су айдындары	балықтар: катран, майшабақ, салака, құныс, кета, кижуч, нерка, чавыча, ақсерке, кумжа, кунджа, мальма, албырт, корюшка, мойва, аргентина, треска, путассу, сайка, навага, пикша, мерладг, сайда, минтай, нәлім, мерлуза (хек), макрурус, арақарын, теңіз көксеркесі, ставрида, зубан, зубатка, стэк, снэк, теңіз алабұғасы, терпуг, камбала және басқа. Бас аяқты моллюска: сегізаяқ, кальмар, каракатица	балықта – дене қуысында, ішкі орган сірінде, перитонеалды қабық астында, бұлшық етте (басым қарын қабырғасында, тынықсұхит арқанбалығында-қаңқада) капсула не бос; бас-аяқтыда – мантия мен ішкі органдарда	III кезең дернәсілдері ақ сары немесе ақшыл түсте жалпақ орамаға мөлдір капсула ішінде оралған, сирек капсуласыз бос жатады. Ұзындығы 7 - 33 мм. Ірі нысандыларда дене ені 0,5- 0,7 мм құрайды. Дене жабыны арқылы асқазаны байқалады	Бас шетінде үш айқын көрінген еріндер мен жақсы дамыған ауыз саңылауынан латервентролды мен еріндер арасында вентралды орналасқан бұрғылау тісі Нерв сақинасы алдыңғы шетіне қарай жылжытылған	Асқазан ұзартылған нысанды. Оның артқы бөлігі ішекке жақындап вентралды жағы дорсальдіге қарағанда ұзынырақ болатындай көлбеу кесілген. Асқазан және ішек өскіндері жоқ. Экскреторлық саңылау баста астынан латеровентралды еріндер арасынан ашылады, яғни бұрғылау тісінің шекарасынан вентралды орналасқан

Г.1 кестесінің жалғасы

Гельминт түрі	Географиялық таралуы	Аралық не сұйыққоймалық ие рөлін барынша жиі орындайтын жануарлар түрі	Аралық немесе резервуар иесінің денесінде шоғырлану	Дернәсілдер құрылымы мен өлшемі	Дернәсілдің басы мен нерв жүйесінің сипаттамалары	Ас қорыту және бөлу жүйесінің құрылу ерекшеліктері
A. schupakovi	Каспий теңізі, Еділ жазығы	бекіре, шабақ, сүйрік, ақсерке, шоқыр, пузанок, долгин майшабағы, қара майшабақ, каспий арқан балығы, шортан, қаракөз балық, кутум, оңғақ, қызылқанат, майбалық, тұрпа, қылышбалық, сазан, ақмарқа, қаяз, тыран, айнакөз, балпанбалық, сопа, уклея, сом, алабұға, көксерке, теңіз көксерке, бтаутан, бұзаубас.	Қарын қуысында сірнелі жабын, долгин майшабағында бұлшық еттерінде кездеседі	III кезең дернәсілдері сары түсті, ұзындығы 6,69- 15,8 мм, ені 0,12 - 0,40 мм. Көлденең және бойлық бүлінген жиектеме	Алдыңғы шетінде дернәсіл тісі жақсы байқалады және 4 бүртік бар, оның 2-еуі дорсолатералді және 2 субвентралды орналасқан. Нерв сақинасы дененің алдыңғы шетінен 0,16 - 0,29 мм қашықтықта алып тасталған.	Бұлшық ет өңеші ұзындығы 0,74-1,42 мм дейін, ең жоғарғы ені 0,05 - 0,09 мм. Асқазаны созылған, (0,20-0,46)х(0,06-0,18) мм. Дене ұзындығының өңеш ұзындығына қатынасы (8,2-11,8):1, дене ұзындығы асқазан ұзындығына (23,7-27,6):1. Экскреторлық саңылау бас шетінде ашылады

Г.1 кестесінің жалғасы

Гельминт түрі	Географиялық таралуы	Аралық не сұйыққоймалық ие рөлін барынша жиі орындайтын жануарлар түрі	Аралық немесе резервуар иесінің денесінде шоғырлану	Дернәсілдер құрылымы мен өлшемі	Дернәсілдің басы мен нерв жүйесінің сипаттамалары	Ас қорыту және бөлу жүйесінің құрылу ерекшеліктері
	Солтүстік Атлантика және Арктика сулары, Солтүстік-Батыс Пацифика, Антарктика; Камчатка, Сахалиннің тұщы су айдындары.	балықтар; акула, скат, майшабақ, голец, тыныс мұхит арқан балығы, қара ауыз, корюшка, треска, путассу, мольва, навага, пикша, менек, паут, нототения, көк және ала зубатка, пескарка, снэк (барракут), оймақ ауызды және құстұмсық алабұға, терпуг, керчак, мегрим, атлантикалық ұзын, палтус түрлі және оймақ ауыз камбала, камбала-таутан, лиманда, қара және көк ауыз	балықта: бұлшық етте бос, капсуласыз; дене қуысында бос не капсула жабылған, ішкі органдардың сірнелі жабындарына бекітілген; кальмарда: мантия мен ішкі органдарда	III кезең дернәсілдері ұзындығы 14,0 - 33,0 мм, қоңыр немесе қызыл түстерге боялған	Бас шеті 3 жеткілікті байқалатын еріндер иен шағын бұрғылау тісіне ие, ол латеровентрал мен еріндер арасында орналасқан. Нерв сақинасы дененің алдыңғы шетінен 0,25 - 0,31 мм қашықтықта алшақтатылған.	Ұзарған өңеш деңгелек, сопақ немесе төрт бұрышты қалташаға өтеді. Асқазан өскіні жоқ. Ішек өскінінің дисталды шеті бұлшық ет шоғырымен дене қабырғасына бекітіледі. Экскреторлық саңылау бас шетінде астынан латеровентралды еріндер арасында

Г.1 кестесінің жалғасы

Гельминт түрі	Географиялық таралуы	Аралық не сұйыққоймалық ие рөлін барынша жиі орындайтын жануарлар түрі	Аралық немесе резервуар иесінің денесінде шоғырлану	Дернәсілдер құрылымы мен өлшемі	Дернәсілдің басы мен нерв жүйесінің сипаттамалары	Ас қорыту және бөлу жүйесінің құрылу ерекшеліктері
Contracaecum osculatum	Арктика сулары, Атлантика (Балтық теңізі); Байкал көлі өзендер қосылуы арасындағ Камчатка мен Сахалин су қоймалары	палтус, қармақшы Моллюскалар: кальмарлар. балықтар: майшабақ, майқан, тынық мұхит арқан балығы, ақсерке,түрке, кәдімгі және байкал хариусы, корюшка, треска, нәлім, мерланг, мольва, ұзын қанат және сары қанат бұзаубас, теңіз алабұғасы, керчак, айшық; құмды, ушкан, майды және жалпақ бұзаубастар; голомянка, палтус және теңіз камбалы, лиман-да, қара палтус	Ішкі органдардың сіргелі қабығында (бауыр, пилорикалық өскіндер, мезентерий).	Тығыз жиектемелі дернәсілдер, ұзындығы 13- 28 мм және ені 0,41- 0,52 мм. Капсулада немесе онсыз бола алады	Ерін орындары бас шетінде айқын білінеді. Дернәсіл тісі латеровентралды еріндер өскіндері арасында орналасқан, әлі айырылмаған. Нерв сақинасы дененің алдыңғы шетінен 0,37-0,42 мм қашықтықта	Өңеш цилиндр, с кішкентай қалталы. Ішек және асқазан өскіндері бар, екі жаққа қаратылған. Ішек өскіні өңеш жартысынан ұзынырақ. Экскреторлық саңылау субвентралды еріндер негізінде бас шетінен вентралды жағында ашылады.

Г.1 кестесінің жалғасы

Гельминт түрі	Географиялық таралуы	Аралық не сұйыққоймалық ие рөлін барынша жиі орындайтын жануарлар түрі	Аралық немесе резервуар иесінің денесінде шоғырлану	Дернәсілдер құрылымы мен өлшемі	Дернәсілдің басы мен нерв жүйесінің сипаттамалары	Ас қорыту және бөлу жүйесінің құрылу ерекшеліктері
Sulcascaris sulcata	Космополит: Дүниежүзі мұхитаның жылы және қоңыржай сулары, Қызыл, Жерорта және Кариб теңіздерін қосады; Оңтүстік, Орта және Батыс Атлантика; Батыс. Пацифика (Австралия, Цейлон).	Моллюскалар: кальмарлар Жеуге жарамды екі жақтаулы моллюскалар: устрица, спондилюс, пинктада, пинна, спизулла, мактра; теңіз ірекшелері (пектен, аргопектен, хламис, амусиум) Теңіз тасбақалары: хелония (жасыл не сорпалық тасбақа), логгерхед (басты теңіз тасбақасы – каретта).	спизулада – барлық тіндерде: ішкі органда - 60%, аяқта - 27%, аддукторда - 12%, мантияда - 1%; ирекшеде – аддуктор бұлшық еті мен гонадта; тасбақаларда – асқазан мен ішекте, қабырғасына жабысқан	моллюскада – IV кезең дернәсілдері - (ұзындығы 8,3-45 мм), сирек III кезең (4,2-4,3 мм); тасбақада – IV кезең (19-33 мм) және ересек. Дернәсілдер біріктіру-тін капсулаларында бола алады. Ұсақ дернәсілдер – ақ және елеусіз, барынша ірілері сарыдан ақ сары қызғылт не қоңыр түсті болады. Олардың гаплоспоридиялармен (гиперпаразитизм) зақымдануы жағдайда олар күңгірт қоңыр, тіпті қара болады.	IV –кезеңді дернәсілдің басты шеті үш айқын ерінге ие болады, шеттері сирек тістермен көмкерілген. Басты еріндер арасында интерлабиялар орналасады. Нерв сақинасы дернәсіл денесінен алдыуңғы шетінен 0,25 – 0,67 мм қашықтыққа артта болады.	Өңеш 1,3 - 4,0 мм дейін ұзындықты, ені 0,08- 0,23 мм. Қалташа ұзартылған нысанды. Қысқа ішек өскіні болады. Экскреторлық саңылау бас шетінде вентралды интерлабия негізінде ашылады.

Библиография

[1] «Балық және балық өнімдерінің қауіпсіздігіне қойылатын талаптар» техникалық регламенті (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 19 мамырдағы № 743 қаулысымен бекітілген).

[2] «Паразитарлық ауруларды болдырмау бойынша санитарлық-эпидемияға қарсы (алдын алу) іс-шараларын ұйымдастыру және өткізуге қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидасы (Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 31 наурыздағы № 283 бұйрығымен бекітілген).

[3] Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің м.а. 2015 жылғы 24 ақпандағы № 766 «Міндетті медициналық байқаулар жүргізу ережесін бекіту туралы» бұйрығы.

[4] Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексі (2007 жылғы 9 қаңтардағы № 212-III ЗПК жарғымен бекітілген).

[5] Қазақстан Республикасының Су кодексі (2003 жылғы 9 шілдедегі № 481-II).

ӘОЖ 639.2:63.664 **МСЖ 67.050:07.100.30.59.020**

Түйінді сөздер: тағам өнімдері, балық, маллюскалар, шаян тәрізділер, қос мекенділер, бауырымен жорғалаушылар, санитариялық-паразитологиялық сараптама, сынамалар, талдау, гидробионттар, гельминттер, дифференциалды диагностикалау.

НАЦИОНАЛЬНЫЙ СТАНДАРТ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

Продукты пищевые

МЕТОДЫ САНИТАРНО-ПАРАЗИТОЛОГИЧЕСКОЙ ЭКСПЕРТИЗЫ РЫБЫ, МОЛЛЮСКОВ, РАКООБРАЗНЫХ, ЗЕМНОВОДНЫХ, ПРЕСМЫКАЮЩИХСЯ И ПРОДУКТОВ ИХ ПЕРЕРАБОТКИ

СТ РК 2779-2015

Издание официальное

**Комитет технического регулирования и метрологии
Министерства по инвестициям и развитию Республики Казахстан
(Госстандарт)**

Астана

Предисловие

1 РАЗРАБОТАН И ВНЕСЕН Товариществом с ограниченной ответственностью «КазВод-Консалтинг»

2 УТВЕРЖДЕН И ВВЕДЕН В ДЕЙСТВИЕ Приказом Председателя Комитета технического регулирования и метрологии Министерства по инвестициям и развитию Республики Казахстан от 30 ноября 2015 года № 250-од

3 Настоящий стандарт разработан с учетом МУК 3.2.988-00 "Методы санитарно-паразитологической экспертизы рыбы, моллюсков, ракообразных, земноводных, пресмыкающихся и продуктов их переработки"

4 В настоящем стандарте реализованы нормы Закона Республики Казахстан «О техническом регулировании» № 603-II от 9 ноября 2004 года, Закона Республики Казахстан «О языках в Республике Казахстан» N 151-I от 11 июля 1997 года

5 СРОК ПЕРВОЙ ПРОВЕРКИ **2022 год**
ПЕРИОДИЧНОСТЬ ПРОВЕРКИ **5 лет**

6 ВВЕДЕН ВПЕРВЫЕ

Информация об изменениях к настоящему стандарту публикуется в ежегодно издаваемом информационном указателе «Нормативные документы по стандартизации», а текст изменений и поправок – в ежемесячно издаваемых информационных указателях «Национальные стандарты». В случае пересмотра (замены) или отмены настоящего стандарта соответствующее уведомление будет опубликовано в ежемесячно издаваемом информационном указателе «Национальные стандарты»

Настоящий стандарт не может быть полностью или частично воспроизведен, тиражирован и распространен в качестве официального издания без разрешения Комитета технического регулирования и метрологии Министерства по инвестициям и развитию Республики Казахстан

Содержание

1 Область применения 1
2 Нормативные ссылки 1
3 Термины и определения 2
4 Отбор, хранение и подготовка к анализу проб гидробионтов и продуктов их переработки 3
5 Методы дифференциальной диагностики личинок гельминтов 9
6 Методы установления жизнеспособности личинок гельминтов 12
7 Методы фиксации и хранения паразитов 18
8 Регистрация результатов исследований рыбной продукции 20
9 Требования безопасности 21

Приложение А *(информационное)* Дифференциальные признаки плероцеркоидов семейства Diphyllobothriidae, опасных для здоровья человека 22
Приложение Б *(информационное)* Дифференциальные признаки метацеркарий трематод семейств Opisthordidae, Heterophyidae, Nanophyetidae и Echinostomatidae, опасные для здоровья человека 27
Приложение В *(информационное)* Дифференциальные признаки метацеркарий трематод семейств Paragonimidae, опасных для здоровья человека 35
Приложение Г *(информационное)* Дифференциальные признаки личинок нематод семейств Dioctophymidae, Gnathostomatidae, Anisakidae, опасных для здоровья человека 37
Библиография 45

НАЦИОНАЛЬНЫЙ СТАНДАРТ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

Продукты пищевые

